



...Ел бірлігін сақтаған таттулықты айт.
Жамбыл



№ 24 (5859)
17 маусым,
сенбі, 2017 жыл

АТАМЕКЕН

Газет
1932 жылдан
бастап
шығады

Жамбыл аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық басылым

atameken1932@mail.ru

Құрметті медицина қызметкерлері!

Сіздерді кәсіби төл мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын!

Қай уақытта болсын ем жасайтын адамның жүрегі ізгілікке толы келеді. Олар өз борышына қашан да адал. Сондықтан медицина қызметкерлерінің күні әдеттегі мереке

Сіздерге шексіз ризамыз

ғана емес, адамның қайғы-қасіретін жеңілдететін денсаулық сақтау өкілдерінің еңбегін бағалайтын күн деп білуіміз керек.

Дәрігер мамандығы шексіз шыдамдылық пен қажымас табандылықты, рухани жомарттық пен елгезектікті талап етеді. Соған сай сіздер күнделікті қызметтеріңізде бізге Алладан сыйға берілген ең құнды өмір мен денсаулықты қызғыштай қорғап келесіздер.

Қадірлі дәрігерлер қауымы!

Бүгінгі мерекелеріңізге орай аудан азаматтарына ең қиын сәттерде көмекке келгендеріңіз үшін шын жүректен шексіз алғыс білдіремін. Сіздерге мықты денсаулық, адамдарға адал қызмет ету ісінде толайым табыс тілеймін!

Сіздер баршамызға мейірім мен шапағаттың шуағын шашып, дертке дауа, жанға шипа болып жүрсіздер. Ана мен баланың қуанышына әрдайым ортақсыздар. Осынау ерлікке толы еңбектеріңіз алдағы уақытта да жемісті болсын!

Жандарбек ДАЛАБАЕВ,
Жамбыл ауданының әкімі.

Адамның жанын күзеткен

Тарылып тұрса тынысың,
Ауырлап кетсе жүрісің,
Ақ халат киген дәрігер,
Береді саған қол ұшын.

Медбибі қыздың сөзіне,
Жүрегің толқып басылған.
Қарасаң күндей көзіне,
Шуақты нұрлар шашылған.

Сенімен бірге толғанып,
Сенімен бірге қуанар.
Кеселді келген қарманып,
Бойыңнан қуып шығарар.

Адамның жанын күзеткен,
Таймаған бір сәт ізеттен,
Ақ халатты абзал жандарға
Арнадым жырды жүректен.

Көгедай ШӘМЕРХАН.

◆Сүйінші

АНКАРАДА АСҚАҚТАҒАН АБЫРОЙ

Анадолыдан ақжолтай хабар жетті. Маусымның 11-де бауырлас Түрік елінің астанасы Анкара қаласының бір көшесіне жыр алыбы Жамбыл бабамыздың есімі берілді.

«Жиырмасыншы ғасырдың Гомері» атанған абыз ақынға көше атауын беру құрметіне арналған салтанатты

шараға Жамбыл ауданының әкімі Жандарбек Далабаев, аудандық мәслихаттың хатшысы Саят Жұрын, ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, профессор Уәлихан Қалижанұлы, Қазақ Ұлттық Ғылым академиясының вице-президенті, физика ғылымдарының докторы, профессор Төлеген Қожамқұлов, Жамбыл ауданы, Қарасу ауылдық округінің әкімі Асхат Өтепов шақырылған еді.

Салтанатты шарада аудан әкімі Жандарбек Еркемұлы Далабаев Жамбыл көшесі орналасқан Анкара қаласындағы Кечиөрен муниципалитетінің мэрі Ақ Мұстафаға «Жамбыл ауданының Құрметті Азаматы» атағының арнайы куәлігі мен төсбелгісін табыстады.

Қуаныш құтты болсын, ағайын!

“Атамекен-ақпарат”.



Кемел келешекке жолдама алды

Кеше аудандық мәдениет үйінде мектеп бітіруші түлектерге арналған салтанатты кеш өтті. Аталмыш шараның жоғары деңгейде өтуіне аудандық білім бөлімі ұйтқы болды.

Салтанатты жиынға аудан әкімінің орынбасарлары Нұрлан Ертас пен Дастан Шалтабаев, аудан әкімі аппаратының инспекторы Шәріпбек Уағызұлы, аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Айткүл Медеуова, мектеп директорлары мен оқушылар, ата-аналар қатысты.

Салтанатта аудан әкімінің орынбасары Нұрлан Ертас: «Құрметті ұстаздар мен ата-аналар және мектеп бітіруші түлектер! Биік мақсат пен міндеттерді межелеген жас жеткіншектердің міне, тағы бір легімен қоштасу сәті келді. Осы қуанышпен баршаңызды шын жүректен құттықтаймын.

Мектеп бітірушілер, сіздерді мақсатты болашаққа бастар үлкен жол күтуде. Сіздер елдік пен ерлік туын биік ұстайтын, татулығы жарасқан, тірлігі бекем, келешегі кемел елдің азаматысыздар. Қиындығы мен қызығы қатар жүретін арман жолында бактарыңыз басым болсын.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына арнайтын



Жолдауларында білім саласы назардан тыс қалған емес. Ол барлық уақытта жоғары құндылықтардың бірі болған, бола да бермек. Тек білімді адам ғана келешек ісінде мұратына жетеді.

Биылғы оқу жылында аудан бойынша 1057 түлек мектепті аяқтады. Олардың ішінен 12 оқушы “Алтын белгі” иегері атанып, 20 оқушы ерекше үлгідегі аттестатқа ие болды. Бір оқушы халықаралық ғылыми жоба жарысының жеңімпазы танылды. Әлемнің алдыңғы қатарлы дамыған елдерімен тең дәрежеде өркениетті бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі ұстаздардың алдында тұрған орасан зор міндет. Ал білім жолында тәрбиелі азамат болып қалыптасу жас ұрпақтың үлесінде. Ендеше, бүгінгі

қуанышқа орай мемлекеттік дамудың күре тамыры болып жүрген ұстаздарға толағай табыстар тілеймін», – деді Нұрлан Ертасұлы.

Оқу үлгерімі жағынан үздік деп танылған 12 “Алтын белгі” иегері сахна төріне шақырылып, оларға аудан әкімінің Грамотасы мен қоса “Алтын белгісі” тапсырылды.

Салтанат барысында республикалық «Алаш ұстазы» журналының білім беру саласының үздік ұстаздарына арнаған төсбелгісін журналдың бас редакторы, жазушы Дархан Бейсенбек аудандық білім бөлімінің басшысы Ләйлаш Бәкірова мен Шиен орта мектебінің мұғалімі Қазынагүл Әділбаеваға табыстады. Еңбегі еленген педагогтарға жұрт алғысын жаудырды.

Мектеп бітіруші түлектердің кешіне тарту ретінде жас бүлдіршіндер ән салып, би биледі.

Кешке келген ата-аналар мен ұстаздарға ізгі тілектер айтылды. Мұзбалақ ақын Мұқағали Мақатаев: «Мектебің мынау класың, осында он жыл тұрасың. Тарыдай болып кіресің, таудай болып шығасың», – деп жырлағандай, 2017 жылдың жарқын түлектері осылайша үлкен өмірге жолдама алды.

К.ТІЛЕУБАЙ.

Аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залында аудандық прокуратураның ұйымдастыруымен құжатсыз малдарды мал базарына әкеліп сатудағы заң бұзушылықтың алдын алуға байланысты жиналыс өтті.

Қатаң ескертті

Оған аудандық ішкі істер бөлімінің қызметкерлері, ауылдық округ әкімдері, ветеринария бөлімінің басшылары, «Аманат» мал базарының жауапты қызметкері қатысты.

Күн тәртібінде қаралған толғақты мәселенің байыбына үңілсек, құжатсыз малдардың базарға шығарылуы ұрлық әрекеттері мен түрлі ауруға шалдыққан малдардың тексерусіз сатылуына жол ашады екен. Әрине, мұндай малдардың акиесін анықтау да оңай емес. Бәлкім ол басқа біреуден ұрланған болуы да бек мүмкін. Сонымен қатар індет жұқтырған мал етінің тұтынушы денсаулығына келтірер зияны да өлшеусіз.

Аудан прокуроры Айдос Көлбаев жиналыс барысында осыған байланысты ішкі істер органдарының жауапты қызметкерлері мен ветеринария бөлімің басшыларына қатаң ескерту жасады. Алдағы уақытта жоғарыда аталған келеңсіздіктерді болдырмаудың түбегейлі жолдарын қарастыруды дтітеп тапсырды.

Димаш АРЫСТАНБАЕВ,
аудандық поркуратурасының
аға прокуроры.

Пробация қызметі Жалтарғанға жаза бар

Қазіргі таңда Жамбыл аудандық пробация қызметі Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің жиырма бес жылдығына байланысты рақымшылық қолдану үшін, қоғамнан оқшаулаусыз сотталған 156 азаматтың жеке және бақылау істері аудандық соттқа жолданып, оның ішінде онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыс жасаған 57 сотталушының жазадан босатылып, ауыр қылмыс жасаған 91 сотталушының өтелмеген жазасының төрттен бірі қысқартылды.

Дегенмен, рақымшылық үрдісіне ілініп, өзінің жазадан босап кететінін біле тұра аудандық сотқа келмей бой тасалап жүргендер де бар. Солардың арасында мүлде хабарсыз жүрген, сотталған Нұрлан Тілеулиевич Таласпаевтың аудандық сотқа келмей, әлі күнге дейін жасырынып жүргені еш ақылға сыймайды.

Б.АЛДАСУГРОВ,
Жамбыл аудандық
ПҚ-нің аға инспекторы,
әділет капитаны.

МАРАПАТ, МЕРЕЙ, АБЫРОЙ

Кеше аудандық мәдениет үйінде медицина қызметкерлері күніне орай салтанатты мерекелік шара өтті. Онда аудан әкімінің орынбасары Дастан Шалтабаев денсаулықтың зор байлық екенін айта келе, дәрігерлер қауымына жүктелер міндеттің маңыздылығына тоқталды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың жыл сайынғы барлық Жолдауларында денсаулық саласы басты назарға алынғанын, соған сай медициналық қызметтің сапасы үнемі артып жақсару үстінде екенін тілге тиек етті. Аудандағы ақ желеңді абзал жандарға халық алғысының мол екенін білдіріп, дәрігер қауымын мерекелерімен құттықтады.

Бұдан соң Дастан Тұрарбекұлы салтанатқа жиналғандар алдында аудандық орталық аурухана директоры Доғдыргүл Молдахалықованы облыс әкімінің Құрмет грамотасымен, Қарғалы ауылдық ауруханасының медбикелері Раиса Нүсіпбаеваны, Айман Төрткүлбаеваны, педиатр

дәрігер Жайна Түлекбаеваны, жансақтау бөлімінің меңгерушісі Мектеп Елемесұлын, Үмбетәлі ауыл



дық дәрігерлік амбулаториясының медбикесі Кемелхан Әбішеваны Алматы облыстық денсаулық сақтау басқармасының Құрмет грамотасымен марапаттап, гүл шоқтарын сыйлады.

Медицина қызметкерлерінің кәсіптік мерекесіне орай ауданның

әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан елеулі үлесі үшін бір топ медицина қызметкерлерін аудан әкімі Жандарбек Далабаевтың Құрмет грамотасымен және Алғыс хатымен, “Нұр Отан” партиясы Жамбыл аудандық филиалы төрағасының Алғыс хатымен марапаттап, алдағы жауапты қызметтеріне сәттілік тіледі.

Сонымен қатар Жамбыл аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы атынан халықтың ықыласына бөленіп, денсаулық сақтау саласына қосқан елеулі үлесі үшін жедел жәрдем бөлімі автотұрағының меңгерушісі Ойшы Арынұлы «Ең үздік» деп танылып, Мақтау грамотасымен марапатталды. Мерекеге жиналған медицина қызметкерлерінің құрметіне орай «Сүйінбай сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамбілінің өнерпаздары әсем әннен шашу шашты.

Тұрсынжан АСҚАРУҒЫ.

Жайдарман жаңалық

АҚТЕРЕК АЖАРЛАНА ТҮСТІ

Туған жерді түлетуге ықыласты азаматтардың бастамасымен Ақтерек ауылында жыл он екі ай бойы жайқалып тұратын әдемі қылқан жапырақты ағаштар егілді.

Осынау игілікті істің ұйытқысы – «Ақтерек» шаруа қожалығының төрағасы, «Құрмет» орденінің иегері, аудандық мәслихаттың депутаты, Жамбыл ауданының құрметті азаматы Темірлан Шайнүсіпов болатын. Ол өз шаруашылығы есебінен ауылға 350 қарағай, 100 арша және 30 түп шыршаның жас көшетін әкеліп, ауыл ажарын арттыруға зор үлес қосты. Ағаш егу шарасына селолық округтің әкімі Ғани Шортанбаев бастаған

аппарат қызметкерлері мен Роза Жамантаева бастаған Ақтерек орта мектебінің мұғалімдері, ауыл тұрғындары қатысты. Олар табиғаты әсем Қоңыртөбе тауының етегіндегі алтын бесік ауылын көркейтуге білек сыбана атсалысты. Соның арқасында көшелерге, Ақтерек орта мектебі мен «Дария» балабақшасының, шаруашылық кеңсесінің айналасына аршаның, қарағай мен шыршаның жас талы тігіліп, күтіп-баптауға алынды. Шаруашылық бөлген арнайы техникамен ауалар коқыстан тазартылды.

Серік САТЫБАЛДИЕВ.

Ер туған жеріне тартады

мемлекетіміздің әрбір азаматына терең ой салып, ұлттық тәрбие негізін қалайтыны ақиқат.

Қарғалы ауылының тұрғыны, оқу-ағарту ісінің үздігі, ардагер ұстаз Виктор Иванович Никитин туралы да осындай пікір өріп, туған жеріне туын тіккен азамат десек жарасады.

Жуырда аудандық кітапханада оның «Победа» атты жаңа кітабының тұсаукесер рәсімі өтті. Кітапта Жамбыл ауданынан Ұлы Отан соғысына қатысқан азаматтардың, тыл ардагерлерінің ерлігі, соғыстан кейінгі ауданның әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы туралы түрлі тақырыптар көтерілген. Сондай-ақ, онда Қазақстан халықтарының достығына да арнайы бір бөлім арналған.

Рәсім салтанатында құттықтау сөз сөйлеген Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығын екі мәрте

иегері, танымал қаламгер Күмісжан Байжан Виктор Никитинге арнап сыйсыяпат жасады. Аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Айткүл Медеуова, ақын Гүлнәр Өмірзақова, ардагер журналист Қарабай Әбуов, «Асыл ана, ару келін» ансамблінің жетекшісі Клара Әбиева, ансамбльдің мүшесі Зияш Смағұлқызы, ардагер журналист Әлімжан Дәуітұлы Виктор Ивановичке шығармашылық шабыт, талмас жігер, зор денсаулық тіледі. Жерлестері, Қарғалы ауылының тұрғындары Гүлсім Каренеева Орысбай Әбділдаұлының «Майтөбе» әнін шырқаса, Мамытбек Әбдиев Никитиннің адамгершілік қырларына тоқталды. 6 жастағы бүлдіршін Дарина Әлібекова ән-шашу ретінде «Әкелер» әнін орындады.

Жиын соңында жиналған қауым автормен бірге естелік суретке түсті.

Майра ТҰРСЫНҚЫЗЫ.

Жылжымайтын мүлік нысандарының құжаттарын рәсімдеу

Қазіргідей уақытты есептеп жұмсайтын қым-қуыт заманда Үкімет пен Президенттің мемлекеттік қызметкерлерге қойған басты талаптарының бірі – мемлекеттік қызметтердің уақтылы және сапалы көрсетілуі. Құжат айналымын азайту, кез келген анықтамаларды электронды түрде беруді ұйымдастыру, өтініш беруші мен мемлекеттік қызмет көрсетушінің арасындағы қарым-қатынасты оңтайландырады.

Біздің мекеме жылжымайтын мүлік нысандарына техникалық тексеру жұмыстарын жүргізіп, мүліктердің техникалық сипаттамасын анықтайтын төлқұжатын дайындап берумен қатар, жылжымайтын мүлік нысандарының жасалып кеткен техникалық төлқұжаттарының телнұсқасын (дубликатын) дайындайды.

Бөлімшенің тағы бір атқарар қызметі – міндетті түрде мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілдерін тіркеуден өткізу, жер учаскелерінің мемлекеттік актілерін дайындап, кадастрлық нөмірін беру, жер телімдерінің құнын анықтау және де басқа қызметтерін атқару.

Аталған қызметтерді орындау үшін құжаттар аудандық «Халыққа қызмет көрсету орталығы» арқылы және электрондық портал арқылы қабылданып, дайын құжаттары да «Халыққа қызмет көрсету орталығынан» беріледі.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Алматы облысы бойынша филиалы – «Жер кадастры және жылжымайтын мүлікке техникалық тексеру» департаментінің Жамбыл аудандық бөлімшесінің басты міндеті халыққа сапалы қызмет көрсету және азаматтардың жылжымайтын мүліктерінің құжаттарын есепке алу. Сол себепті, туындаған сұрақтарыңыз болса, Ұзынағаш ауылы, Төле би көшесі, 45А мекенжайына немесе 2-27-85, 2-07-88, 2-32-64, 2-00-83 байланыс телефондарына хабарласыңыздар.

Данияр ТҮМЕНОВ,
«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Алматы облысы бойынша филиалы – «Жер кадастры және жылжымайтын мүлікке техникалық тексеру» департаменті Жамбыл аудандық бөлімшесінің басшысы.

Жуырда аудан әкімшілігінің үлкен мәжіліс залында қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөнінде өңірлік комиссияның отырысы өтті.

Оған өңірлік комиссияның және оның жұмыс топтарының мүшелері, ауылдық округ әкімдері, мәслихат депутаттары, аудандық бөлімдер мен басқармалардың басшылары қатысты.

Рухани жаңғырудың белестері

2017 жылғы сәуірдің 12-де Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы жарияланғаны белгілі. Мемлекет Басшысы бәсекелік қабілет, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның эволюциялық дамуы, сананың ашықтығы сияқты қағидаттарды басшылыққа ала отырып, өзінің мақаласында таяу жылдарда атқаратын нақты міндеттерді анықтап берді.

Ұлт көшбасшысының осынау бағдарламалық мақаласын жүзеге асыру бойынша жүргізіліп жатқан өрелі жұмыстардың барысын аудан әкімінің орынбасары Дастан Шалтабаев баяндады. Содан кейін аудандық білім бөлімінің басшысы Ләйлаш Бәкірова оқушылардың жазғы демалысы туралы, аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Айткүл Медеуова Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласындағы міндеттер туралы тұжырымды сөз сөйледі.

Жиынды аудандық «Атамекен» газетінің бас редакторы Рәтбек Терлікбаев көпшілік алдында ауданның тарихи және мәдени құндылықтары туралы сөз қозғап, алдағы уақытта атқарылатын тың міндеттер жайлы ұтымды ой-пікірлерін ортаға салды.

Бақтияр АЙТАЛЫ.

Пилоттық жоба іске қосылды

Медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізу мақсатында медиатордың жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды реттеу рәсімі. ҚР Жоғарғы Сотының өкімімен даулардың жекелеген санаттары бойынша дауларды медиация тәртібімен сотқа дейін реттеуді енгізу бойынша пилоттық жоба 2017 жылдың ақпан айынан бастап іске қосылып, шілде айына дейін жалғасады. Оның мақсаты – дауларды (жанжалдардың) жекелеген санаттарын медиация тәртібімен сотқа дейінгі реттеуді азаматтық сот ісін жүргізуге енгізу. Ал пилоттық жобаны іске асырудың міндеттері – татуластыру рәсімдерін қолдану аясын кеңейту, азаматтардың сот шығындарын барынша азайту, халық арасында дауды (жанжалды) соттан тыс реттеуге мүмкіндік туғызу.

Медиация жүргізу баланың мүдделеріне, еңбек дауларына, мұрагерлік, көршілердің арасындағы жер учаскесінің шекараларын анықтау, пәтерді су басу, сондай-ақ, пәтерден шығару, некені бұзу, мүлікті бөлу, қарыз-келісім шарттары және сақтандыру санаттарына қолданылады. Сондай-ақ, бұл жоба еріктілік, медиация тараптарының тең құқықтығы, медиация рәсіміне араласуға жол бермеушілік, құпиялылық, қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес іске асырылып, тараптар арасындағы дау-дамайлардың неғұрлым тиімді, балама тәсілмен шешілуіне, екі жақтың татуласуына зор ықпалын тигізеді.

Г.МАЛЫБАЕВА,
Жамбыл аудандық сотының жетекші маманы.

САҚШЫЛЫҚ — АСҚАҚ АБЫРОЙ

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен 1992 жылы маусымның 23-де «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары туралы» Заңына қол қойылды. Ал 2007 жылы тура осы күн «Қазақстан полициясы күні» болып бекітілді.

Тәуелсіз мемлекет санатында биыл өзінің жаңғыра құрылғанының 25 жылдық мерейін атап өтетін Қазақстан полициясының тарихы да тым тереңнен тармақталады. Ал біздің қазіргі Жамбыл ауданының аумағында 1925 жылы «Ұзынағаш милиция бөлімшесі» деген атпен құрылған мекеме болса, 1938 жылдан бері Жамбыл аудандық ішкі істер бөлімі деп аталады.

Ауданның жер көлемі 19597 шаршы километр, мұндағы 24 ауылдық округтерге енетін 61 елді мекенде барлығы 158 мыңнан астам халық тұрады. Олардың тыныштығы мен қауіпсіздігін сақтау үшін күні-түні уақытпен санаспай қызмет атқаратын аудандық ішкі істер бөлімін әр жылдары Сүлеймен Кезбаев, Қажыкен Малғаждаров, Тәңірберген Толғанбаев, Әшірбек Сайлыбаев, Майданбек Есжанов, Маратқали Нүкенов, Тұрған Бердібаев, Жанай Сүлейменов, Саржан Жакыпов, Бек

Мұқашев, Бекжан Тілепбаев, Серік Күдебаев, Қасым Аширов, Бейбіт Келгенбаев, Ерлан Іңкәрбаев, Қайрат Жұрынов, Данияр Казербаев, Талғат Беркінбаев сынды азаматттар басқарған еді. Қазір осы істе жан-жақты ысылған тәжірибелі басшымыз,



полиция подполковнигі Манат Мақатовтың қарамағында 157 қызметкер қоғамдық тәртіптің сақшысы деген абыройлы атаққа лайық болуға ұмтылуда.

Аудандық ішкі істер бөлімінің қым-қуыт жұмысын криминалды полиция бөлімшесі, тергеу бөлімшесі, жергілікті полиция қызметі, көмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімше, штаб, қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесі, криминалды-ақпарат тобы, әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі топ, көші-қон полициясы тобы,

➤ Ана тілің — арың бұл

Кез келген елдің мемлекеттік тілі — оның басты байлығы. Бүгінде қолға алынып жатқан барлық шаралардың мақсаты — қазақ тілінің тұғырын бекітіп, мәртебесін биіктету. Мемлекеттік тіл —

Тілге құрмет — елге құрмет

мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын тіл болғандықтан, жүргізілетін барлық іс қағаздары мен құжаттар да мемлекеттік тілде орындалуы керек. Өйткені, өркениетке ұмтылған елдің өрісі қашанда білікті де, саналы ұрпақпен кеңеймек.

Қазақ тілі — халқымыздың рухани байлығы, атадан-балаға, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болған баға жетпес асыл мұра. Осы орайда қазақтың дауылпаз ақыны Мағжан Жұмабаев: “Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмақ емес, бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмыс-тіршілігі, мінезі айқын көрініп тұрады”, — деген еді.

Қазақ тілі — біздің рухани негізіміз. Тіл халықтың жан дүниесі мен ел еркіндігін, ұлттың ұлылығын танытатын алып күш. Біздің міндетіміз — оны барлық салада белсенді пайдаланып, қолданылу аясын кеңейту. Осы орайда мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге Жамбыл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлім де өз үлесін қосып келеді.

Бөлім бойынша кіріс-шығыс құжаттары мемлекеттік тілде жүргізіліп, ұйымдастырылатын іс-шаралардың барлығы мемлекеттік тілде өткізіледі.

Мұндағы әскери қызметшілер мен азаматтық қызметкерлердің мемлекеттік тілді меңгеру деңгейі үнемі қадағаланады. Бізде мемлекеттік тілдің дамуына, оның қолданысқа енуіне біркісідей атсалысып жүрген өзге ұлт өкілдері де қызмет атқарады. Олардың қазақ тіліне деген құрметі, тілді меңгеруі елге, жерге деген сүйіспеншілігінен, ұжымға, ортаға деген ілтипатынан, жоғарғы мәдениетке деген ұмтылысынан туындаған деп түсінеміз.

Алтынкүл ӘДІЛОВА,
Жамбыл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің қызметкері.

➤ С п о р т

Жеңімпаз атанды

Таяуда Талдықорған қаласының «Жастар» спорт сарайында орыс дойбысынан Алматы облысының жекелей біріншілігі өтті. Өте шиеленісті тартыс нәтижесінде Жамбыл ауданының өкілі, аудан әкімі аппаратының инспекторы Шәріпбек Уағызов облыс чемпионы атанды. Екінші орынды да жерлесіміз, облыстық «Жетісу» газеті редакторының орынбасары Нүсіпбай Әбдірахимов жеңіп алды. Үшінші орынды талдықорғандық спорт шеберлігіне кандидат Валерий Чулков иемденді. Жарыс жеңімпаздары Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының арнаулы дипломдарымен және медальдармен марапатталды.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Рәміздерінің 25 жылдығына орай спорттық ойындар өткізілді. Шағын футбол, үстел теннисі, шахмат, қол күрестіру, гир тасын көтеру сынды сайыстарда селолық округтер өзара бақ сынасты. Спорттық іс-шараға қатысушылардың белсенділігі, жеңіске деген ерекше ұмтылысты байқалды. Шағын футболға 13 ауылдық округтің командасы қатысты. 1-орынды Қарғалы, 2-орынды Аққайнар, 3-орынды Үңгіртас ауылдық округі иеленді. Қол күрестіруден Сәміжан Естай топ жарды. Жақсылық Шарипов 2-орынды алды. Ал, 3-орынды Бауыржан Қожахметов еншіледі.

Ой ұшқырлығын қажет ететін шахматтан О.Харасай 1-орынды, Өркен Дініқұлов 2-орынды, Абай Дініқұлов 3-орынды иеленді. Мың метрге жүгіру жарысында Нұрболат Үсенбай мәреге бірінші жетті. Ғалымжан Әлібай екінші болып келді. Дияс Нұрланқұл үшінші орынды қанағат тұтты. Үстел теннисінен ерекше көзге түскен Ермек Шаштайұлы 1-орынды алды. Серғазы Мұстахимов 2-орыннан, Мадияр Өнербаев 3-орыннан көрінді.

Ойынның соңында гир тасын көтеруден 1-орынды Әсет Сәлімжан, 2-орынды Махамбет Рахым, ал 3-орынды Айдын Әбілқасым жеңіп алды.

Е.ҚАРТАҢБАЕВ,
аудандық денешынықтыру және спорт бөлімінің басшысы.

➤ Р е й д

Мүгедектерге мүмкіндік беріңіздер

«Нұр Отан» партиясының саяси доктринасында әлеуметтік қызметтерге, өмірдің тиісті жоғарғы стандарттарына барлық азаматтардың қол жетімділігі тең болуы керек екені айрықша атап көрсетілген. Бұл мемлекеттің, жұмыс берушілер мен азаматтардың ортақ жауапкершілігі арқылы қамтамасыз етіледі. Осы бастама ынтымақтың көрінісі, өзара сенім, өзара жауапкершілік пен көмек беру болып табылады. Доктринаның құндылықтары: адам, әділеттілік, ынтымақтық, жанұя және салт-дәстүрлер, әділетті әлеуметтік саясат, жауапкершілікті азаматтық қоғам.

Мемлекеттік қолдау ең алдымен азамат-тардың толыққанды әлеуметтік және экономикалық өмірге белсенді қатысуына бағытталған. Негізгі мақсаты — мүмкіндіктері шектеулі жандарды қоғамдық ортаға бейімдеу болып табылады.

жол-патрульдік полициясы, лицензиялық-рұхсат беру жүйесі, 2-і арнайы топ, кеңсе, қылмыстық-атқару жүйесі, уақытша ұстау окшаулағышы сияқты жіктелген бөлімшелер мен топтар атқарады.

Өткен жексенбі күні Қазақстан полициясының құрылғанына ширек ғасыр толуы құрметіне орай біз шағын футболдан мекемелер арасында жарыс ұйымдастырдық. Онда І-ші орынға 28237 әскери бөлімшесінің командасы ие болды. ІІ-ші орынды кірістер басқармасының, ІІІ-ші орынды аудандық әкімшіліктің командасы еншіледі.

Әрине, біздің негізгі мақсатымыз — бейбіт замандағы ел тыныштығын сақтау, әртүрлі келенсіздіктер мен қылмыстың алдын алу шараларын дер кезінде жүзеге асыру. Соны жақсы түсінетін полиция қызметкерлері кәсіби төл мерекесіне өзіндік жетістіктерімен келіп отыр. Олар алдағы уақытта да Жамбыл ауданы тұрғындарының алаңсыз өмір сүруі үшін ел азаматтарының Конституциямен белгіленген құқығын қорғауда қажымай-талмай қызмет атқаратын болады деген сенімдеміз.

Асхат ТЕГЕНБАЕВ,
Жамбыл аудандық ІІБ бастығының кадр жөніндегі орынбасары.

Жыл сайын маусым айының басында облыс көлемінде «Уайымсыз балалық шаққа жымиып қараңыз!» ұранымен «Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн» атты Ұлттық ақпараттық науқан өткізіледі. Мақсаты — бала еңбегін пайдалану мәселелеріне жол бермеу, оның балаға және қоғамға тигізетін әсері жою, сондай-ақ осы саладағы халықаралық

Бала еңбегін қанауға жол берілмесін!

және ұлттық заңнама негіздері туралы қоғамның, үлкендер мен балаларды қосқанда ақпараттылығын арттыру болып табылады.

Бұл науқан біздің ауданымызда да жалғасын тапты. Ақпараттық науқан міндеттеріне қарай мақсатты топтар атсалысты. Қазіргі таңда көмелетке толмағандардың еңбегіне қатысты құқықтарын қорғау үшін оқушыларды жазғы жұмыспен қамтамасыз ету мақсатында барлық ата-аналармен түсіндірме кеңес беру жұмыстары жүргізілуде. Науқан шеңберінде “Бала еңбегі тоқталсын!” атты флеш-моб өткізілді. Ата-аналарға түсіндірме жұмыс мазмұны бойынша жұмыс істегісі келген балалар 16 жастан бастап жұмысқа орналасса, ата-ананың, қамқоршы адамның немесе асырап алушының жазбаша келісімімен еңбек келісім-шартын жасауға болатыны, 18 жасқа толмаған тұлғаларды жұмыс түрлеріне тартуға тыйым салынатыны, бала еңбегін заңсыз қолдануға болмайтыны баса айтылды. Мектептерде 9-10-сынып оқушыларына “Бала еңбегін қанау қатаң қадағаланады” атты бейнесождет көрсетілді. “Бала еңбегін қанауға жол жоқ!” атты суреттер байқауының үздік жұмыстары мектеп қабырғаларына, көпшілік жүретін орындарға ілініп, жұртшылық назарын аударуға бағытталды. Әсіресе, ыстық аптапта азын-аулақ тиын-тебен үшін баланы жұмысқа жегудің алдын алу үшін арнайы егіс далаларына рейдтік шаралар жасалды. Балаларға қауіпті жұмыстар туралы да жеке түсіндірулер жүргізілді.

Ересектерге қарағанда балаларды басқару оңай. Олардың икемдігі мен дағдылары аз, өз құқықтарын жете түсінбейді, әуре-сараңға салмайды және тез бейімделгіш келеді. Бала еңбегін қолдану дерегі көбіне тұрғындардың бұл мәселе жайында хабарсыздығынан, ауыр еңбектің баланың дамуына тигізер қатерін білмеуінен туындайды. Кейде өмір көріністеріне қарасақ, тұрмыс жағдай төмен отбасы балалары тезірек ержетіп, табыс тапқылары келеді. Қазір балалардың жазғы демалысы басталды. Жоғары сынып оқушыларының біразы жаз мезгілінде жұмыс істеп, табыс табуға ұмтылуда. Баланы еңбекке үйрету керек, алайда оның құқығы бәрінен де жоғары тұрады. Жеткіншектердің заң шеңберінде еңбекке тартылуын қатаң бақылау — баршамызға жүктелетін зор жауапкершілік. Ендеше, тәуелсіз елімізде алаңсыз өсіп келе жатқан ертеңгі болашағымыздың денсаулығы мен заңды құқығына сергек қараған дұрыс.

Әлия ЗЕЙНОЛЛАЕВА,
білім бөлімінің бас маманы.

➤ Р е й д

пен қамту және әлуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы Зәмзағұл Мәдіғұлова, аудандық мүгедектер қоғамы бірлестігінің төрайымы Гүлзат Асқарова, аудандық ішкі істер бөлімінің аға сержанты Дамир Қожахметов және мекеме басшылары мен БАҚ өкілдері қатысты.

Рейд барысында Ұзынағаш ауылдық округі дәрігерлік амбулаториясы, мәдениет бөлімі, аудандық халыққа қызмет көрсету орталығы мен өзге де мекемелерде мүмкіндігі шектеулі жандарға арнайы салынған ғимаратқа кірме жолдар (пандустар) тексерілді. Тексеру барысында мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған көлбеу жолдардың талапқа сай еместігіне көңіл бөлмеген мекемелердің басшыларына ескерту жасалды.

Раушан АМАНҚҰЛОВА,
аудандық «Нұр Отан» партиясы филиалының кеңесшісі.

18 маусым — медицина қызметкерлерінің күні

«БІЗ ҮШІН ҚАСИЕТТІ ӘРБІР АДАМНЫҢ ӨМІРІ

↵ Д и д а р л а с у

– Құрметті Доғдыргүл Өмірқұлқызы, ертеңгі төл мерекелеріңіз құтты болсын. Жыл сайын бір келетін осынау айтулы күннің қарсаңында адам жанына арашашы болып жүрген абзал жүректі дәрігерлер қауымына ел-жұртымыз шексіз алғыс білдіріп, шын көңілден жүрекжарды лебіздерін жеткізіп жатады. Біз де сондай ақ тілектеміз, әрине.

Енді әңгіменің әуел басында өзіңіз басшылық еткен он бір жыл айналасында аудандық денсаулық сақтау саласындағы оң өзгерістерге салыстырмалы түрде қысқаша шолу жасап өтсеңіз қайтеді?

– Рахмет. Он бір жыл деген мерзім де өте шығыпты-ау, расында. Өздеріңізге белгілі, табиғаты көркем, келісті де өрісті ауданымыздың халқы жыл санап өсіп барады. Әлі есімде, 2006 жылы біздің денсаулық сақтау мекемелері 130 мың тұрғынға дәрігерлік қызмет көрсететін. Биылғы статистикалық мәліметтерге сүйенсек, 158000 астам адамның денсаулығын қадағалап отыр екенбіз. Ішкі миграция мен демографиялық табиғи өсімнің айтарлықтай арта түскені осыдан байқалады.

Сол кезде аудан бойынша денсаулық сақтау саласына бөлінетін қаржының көлемі 80 млн.теңгеге жуық еді, қазір бұл көрсеткіш 1 млрд. 992 млн.теңгені құрайды. Біздің саланың қаншалықты дамығанын, оған мемлекет тарапынан мейлінше көңіл аударылатынын осы бір цифрдан-ақ пайымдауға болады.

Айталық, соңғы тоғыз-он жылда Аққайнар ауылында дәрігерлік амбулатория, Қастек ауылында фельдшерлік-акушерлік қосын, Бірлік ауылында фельдшерлік қосын салынса, 2013-2016 жылдары «100 мектеп, 100 аурухана» мемлекеттік бағдарламасы бойынша Қазыбек бек бекетінде ауылдық аурухананың жаңа ғимараты салынды. Ақсегіргі, Дегерес, Таңбалытас, Ынтымақ, Қайназар, Жаңақұрылыс ауылдарында жаңа дәрігерлік амбулаториялар салынып, іске қосылды. Самсы ауылында да жаңа дәрігерлік амбулатория салынып, жуырда ашылмақшы. Аудандық орталық аурухана мен емхана ғимараты 2008 жылы және 2010 жылы күрделі жөндеуден өтті. 2011 жылы жедел жәрдем бөлімінің ғимараты толық жөнделді. Мыңбаев ауылдық ауруханасының ғимараты да күрделі жөндеуден өтті.

Бүгінде аудан халқына Ұзынағаштағы орталық ауруханада 150 төсектік, Қарғалы ауылының аудандық ауруханасында 50 төсектік, Мыңбаев ауылы мен Қазыбек бек бекетінде 35 төсектік, Қарақыстақ ауылындағы туберкулез ауруханасында 40 төсектік орын медициналық қызмет көрсетеді. Бұл орайда және аудан бойынша жергілікті жерлерде дәрігерлік қызмет көрсететін 20 дәрігерлік амбулаторияны, 8 фельдшерлік-акушерлік қосын мен 22 медициналық қосынды бірге атаған жөн болады.

– Олардың жаңа заман талабына сай жабдықталуы да айтарлықтай жақсарған шығар.

– Иә, соңғы он жыл көлемінде Үлкен ауылындағы мекемеге қосымша томографы бар рентген аппараты алынды, аудандық емханаға ФГ аппараты, 5 УЗИ аппараты алынды. Перзентхана мен ота жасалатын бөлменің медициналық құрал-жабдықтары, бөлімдердегі науқастар жататын төсектер түгел ауыстырылды. Емханадағы кардиология кабинеті құрал-саймандармен толықтырылып, жаңа ЭКГ



аппараттары, жүректі түсіретін УЗИ, холтер (қан қысымын тексеріп, бақылайтын) аппараты, өкпе тынысын тексеретін және зертханалық аппараттар (биохимиялық, гематологиялық анализаторлар) жаңартылды. Көптеген ауылдарға ЭКГ аппараттары мен компьютерлер алынды. Жедел жәрдем бөлімінің автокөліктері ауыстырылды. Дәл қазір «Хундай» маркалы 4 реанимобиль, 3 «Газель» автокөлігі, т.б. жедел жәрдем машиналары тұрақты қызмет көрсетуде. Сөйтіп, соңғы кезеңде санитарлық автокөліктер паркі 40% жаңартылды. Алдағы уақытта аудан бойынша барлығы 17 санитарлық автокөлікті ауыстыру қажеттігі туындап отыр.

2013-2016 жылдары денсаулық сақтау нысаны базасының материалдық-техникалық жағдайын жақсарту бағытында айтарлықтай жұмыстар істеліп, 2 дана томографиялық рентген аппараты, компьютерлік кардиологиялық жұмыс станциясы, 2 дана зертханалық анализатор, флуорорисцентті ЭКГ аппараты, доплерограф, УДЗ, маммограф аппараты алынды. Емханаға, ауруханаға, жедел жәрдем бөлімі мен әрбір дәрігерлік амбулаторияға компьютерлер, тұрақтанғыштар, тоңазытқыштар қойылды, орталық ауруханаға дизельді-электрлік станциясы орнатылды. Офтальмологиялық бөлмеге, көп функционалды гинекологиялық зерттеуге арналған жабдықтар жиынтығымен

алынып, жаңа жабдықтармен 173 мыңнан астам зерттеулер өткізілді.

– Енді осындай жетілдірілген заманауи аппараттармен жұмыс істей алатын маман дәрігерлердің біліктілігі мен олардың бүгінде халыққа медициналық қызмет көрсету сапасы қандай деген сұрақ туындайды емес пе?

– Әлбетте, қазір біздің «Жамбыл аудандық орталық ауруханасы» деп аталатын ШЖҚ МКК-да жоғары білімді 157 дәрігер бар. Орта буынды медицина қызметкерлері санатында барлығы 546 медбیبі болса, олардың 471-і дәл қазір нақты жұмыста. Бұдан басқа да 32 фельдшер, ФАҚ-да 57 фельдшер, 28 акушер, 54 жүргізуші қызмет етеді. Жоғары оқу орындарын бітірген жас дәрігерлерден жылына 5-6 маманды құшақ жая қарсы аламыз. Дегенмен, кадр мәселесі сөз болғанда, біздің ауруханада білікті травматолог, онколог, реаниматолог дәрігерлердің тапшылығы сезіледі. Есесіне, орта буын медицина қызметкерлері соншама көп.

Аталған дәрігерлер мен орта буын медицина қызметкерлердің құрамы ҚР Үкіметінің 2016 жылғы наурыздың 16-дағы № 143 Қаулысына сәйкес «Қазақстан Республикасындағы денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік

бағдарламасын орындау барысында бірқатар өрелі табыстарға қол жеткізді.

Айталық, соңғы бес жылда өлім-жітім көрсеткіші біршама төмендеп, халықтың табиғи өсімі артты. Профилактикалық медициналық тексеріп-қарау және скринингтік зерттеулер жүргізу арқылы сүт безі, жатыр мойны, тік ішек обыры сияқты ауруларды ерте анықтап, асқындырмай емдеу жақсы нәтиже бере бастады. Қазіргі уақытта пациенттердің шағымын жедел шешу мақсатында «осында және қазір» қағидаты бойынша жүйелі талдау жасалып, көрсетілетін дәрігерлік қызмет сапасын жақсартуға барынша назар аударып отырымыз.

– Бүгінгі күннің ең көкейкесті мәселесіне айналған міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы аудан оқырмандарына бір-екі ауыз сөзбен қысқаша тұжырымдап түсіндірер болсаңыз, не дер едіңіз?

– Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы ел ішінде кейбір түсінбеушіліктердің туындағаны рас. Мұның бәрі мәселенің мәнісіне терең бойламағандықтан, яки жергілікті жерлерде бұл жұмысқа жеткілікті назар аударылмай жатқандығынан.

Қысқаша айтқанда, мұның мәнісі былай – МӘМС халыққа және бізге, яғни, дәрігерлер қауымына да аса пайдалы. Біріншіден, медициналық қызметтің сапасы мен дәрігерлердің жеке жауапкершілігі артады. Мемлекеттік Медициналық сақтандыру қорына 2018 жылғы қаңтардың 1-нен бастап айына небәрі 1440 теңге аударып, полюс алған адамға Қазақстанның кез келген аймағында медициналық көмек көрсетілетіні, содан кейін әрбір адам өзі тіркелетін медицина мекемесі мен қаралатын дәрігерін жеке таңдау мүмкіндігіне ие болатыны бір ғанибет емес пе. Мұның сыртында тегін медициналық көмектің түрлеріне кепілдік берілген тұрғындардың 15 санаты тағы бар. Демек, осыған орай білімді де білікті дәрігерлердің жалақысы мен қоғамдағы беделі артады, қабілетсіз мамандар бірте-бірте ысырылып қала береді. МӘМС-ға үрке қарауға тіпті болмайды. Дүние жүзінде дамыған мемлекеттердің бәрінде осындай үрдіс өз өміршендігін дәлелдеген. Біз де соған ұмтылыс жасағаннан еш ұтылмаймыз.



Біз сіздермен біргеміз

ЕЛІМІЗДЕГІ ҚАДІРЛІ...»

– Сіз бірнеше жылдан бері Алматы облыстық мәслихатының депутаты ретінде қоғамдық жұмыстарға етене араласып жүрісіз. Осындай халқы тығыз үлкен аудандағы орталық аурухананың тәжірибелі басшысына жүктелген қос міндеттің жүгі қаншалықты ауыр, бір-біріне кедергі келтірмей ме?

– Қайта бір-бірін толықтырып тұратын сияқты. Мен орталық аурухананың директор-бас дәрігері ретінде түрлі ұйымдастыру шараларына жігі қараймын және депутат ретінде халықпен жиі жүздесемін. Олардың ішкі жан-дүниесіне үнілген сайын негізгі жұмысымда қандай мәселелерге зер салған дұрыс болатынын тереңірек ұғынамын. Міне, 2012 жылдан бері екі шақырылымда депутаттық мандатқа ие болған кезеңде жетім-жесірлер мен әлеуметтік жағдайы төмен қаншама отбасына көмектескенім өз алдына бір тарау әңгіме болар еді. Солардың жабырқаған көңілін сәл де болса жылыту,



мұқтаж адамдарға қол ұшын созу мен үшін үлкен қуаныш.

Кейде, қызмет орнына келіп әлеуметтік жәрдем сұрайтын кездейсоқ адамдар да кездеседі. Мүмкіндігінше олардың да мәселін қайтармауға тырысамын. Мысалы, биыл алты отбасына көмектестім. Біреуіне аяқ киім, біреуіне қыстық киім керек болды дегендей... Өзіміздің де 80-ге жуық ардагерлеріміз бар. Оларға мереке қарсаңында тиісінше азық-түлік себетін дайындап, үйіне барып хал-жағдайын білу әдетімізге айналған. Жалпы біздің дәрігерлер қауымы жанашырлық жасаған адамдар санатын айтып тауыса алмайсыз.

– **Догдыргұл Өмірқұлқызы, осыншама шапағатты істерге жолбасшы болып жүрген өзіңіз бір төбе болғанда, ел алғысына лайық адамдардың сіздің ұжымда тіпті аз еместігін білеміз. Кәсіби мерекеге орай айналасына нұр шашып жүретін әріптестеріңіз туралы айтқанда, кімдердің есіміне ерекше тоқталар едіңіз?**

– Адамның өмірі мен денсаулығы үшін тәулік бойы тынбай қызмет атқаратын біздің дәрігерлердің міндеті мен жауапкершілігі қандай екенін жұртшылық жақсы білсе керек. Дәрігерлік дегеніңіз – алар алғысы да, көрер азабы да көп мамандық қой. Сондықтан біз үнемі ізгі ниеттеміз. Аурухана төсегінен сауығып шыққан әрбір адамның көзінен қуаныш ұшқынын сезінген әрбір сәттің мерейін айтып жеткізу де қиын.

Иә, әріптестерімнің арасында көпшілік құрметіне бөленген қажырлы азаматтар көп. Бәріне бірдей алғыс айтсақ та жарасар еді. Ал енді мереке қарсаңында сараптама және аудит жөніндегі орынбасарым Талғат Сиражеддинұлы Вильдановты, ана мен

бала ісі жөніндегі орынбасарым Гүлзада Ошақбайқызы Арынованы, халыққа қызмет көрсету жөніндегі орынбасарым Наталья Павловна Кравченконы, емдеу ісі жөніндегі орынбасарым Ботагөз Сәбитқызы Медетбекованы, аудандық емхананың меңгерушісі Гүлзада Советханқызы Асубаеваны, аудандық акушер-гинеколог Жанар Кенесқызы Айдарбекованы, перзентхана меңгерушісі Сәбит Жанғалиұлы Уәлиевті, жүкті әйелдер аурулары бөлімінің меңгерушісі Әйгерім Талғатқызы Күштекованы, реаниматолог Жомарт Бақытбекұлы Зейіловті, фтизиатор-дәрігер Маржан Қайымқызы Сұртаеваны, жұқпалы аурулар бөлімінің меңгерушісі Кәмила Нұғмедінқызы Әбиеваны, балалар бөлімінің меңгерушісі Майра Нұраддинқызы Құдиярованы, терапия бөлімінің меңгерушісі Айгүл Мұхтарханқызы Қойайдарованы бөліп атағаным орынды болар.

Аудан халқының денсаулық сақтау саласында сан жылдар бойы талмай қызмет атқарған ардагерлеріміз – Абрек Каримов, Гүлнәр Ешетаева, Ғали Туғанбаев, Шамшия Мұқышева, Роза Арзабаева, Жібек Боғысбаева, гараж меңгерушісі Ойшы Түменбаев, Аққайнардағы Гүлімжан Мамекова, Ақсеңгірдегі Сәбира Әлжанова, осы күні терапия бөлімінде медбибі қызметін мінсіз атқарып жүрген Гүлнар Қойбағарова, реанимация бөліміндегі Роза Мамажанова мен Ризвангүл Ибрагимова, хирургия бөліміндегі Бақытқұл Айдарова, операция бөлмесіндегі Гауһар Тұрсынбаева, перзентханадағы Әлия Байақынова, балалар бөліміндегі Науатхан Тілеулинова, емханадағы Ғалия Нүсіпқұлова мен Баян Әбдірайымова, бас медбибі Гүлмира Тойбаева сынды азаматтарға өз басым дән ризашылығымды білдіремін.

Сондай-ақ Аққайнар, Ақсеңгір, Дегерес, Жамбыл, Мынбаев, Беріктас, Ақтерек, Шиен, Үлкен, Қарақыстақ ауылындағы медицина мекемелерінің өзіндік жетістіктері, ондағы дәрігерлер мен орта буын қызметкерлерге деген жалпы жұртшылықтың ықыласы да атап айтуға тұрарлықтай.

– **Әңгімеіміздің соңында, жыл сайын маусымның ең бір шуақты күніне орайлас келетін өз мерекелеріңізде аудан жұртшылығына қандай ақжарма тілек арнар едіңіз?**

– Қоғамның ең басты байлығы – адам және оның денсаулығы екенін жақсы білесіздер. Біз, дәрігерлер, Мемлекет басшысының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауындағы төртінші басымдықтың талаптарын орындау мақсатында адами капитал сапасын жақсарту ісімен айналысатынымызды жақсы түсінеміз. Бұған дейін де «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында ауқымды жұмыстар атқарылды.

Дана халқымыз, «Бірінші байлық – денсаулық...» деген тұжырымды тегін айтпаған ғой. Ендеше, ауданымыздың әрбір азаматы ең алдымен өз денсаулығына өзі мұқият қараса дейміз. Серектікті серік етсе, жалқаулықтан, кейбір жат әдеттерден арылса, дұрыс тамақтануға жеткілікті көңіл аударса, ағзасында алаңдаушылық сезілген сәтті күтпей-ақ дәрігерлік тексеруге уақтылы мойын бұрса құба-құп болар еді. Біз үшін қасиетті еліміздегі әрбір адамның өмірі қадірлі. Оларға қолымыздан келген көмекті көрсетуге қашан да әзірміз. Ендеше, әрбір атқан таңда ана мен бала аман болсын, бәріміз аман болайық. Ауырмаңыздар.

– **Әңгімеңізге рахмет!**

Сұхбатты жүргізген:
Рәтбек САҒИД-УАҺАС.

Ежелгі ғасырлардан бері дәрігерлік қызмет – асыл, әрі адамгершілікті ту еткен кәсіп болып саналады. Қандай қиын сәттер мен ауыр жағдайларда да дәрігерлер мен мейірбикелер өз ісіне мұқият қарап, адам жанының арашашы бола білді. Қаншама дәуірлер мен өркениеттер

акушер Т.Иминова, гинекология бөлімінің меңгерушісі Л.Аманжолова, аға фельдшер М.Екейбаева Алматы облысы әкімінің және Жамбыл ауданы әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Педиатр М.Әбділова, педиатрияның аймақтық мейірбикесі

Алғыс арқалаған абзал жандар



алмасса да дәрігерлердің Гиппократ антына адалдығы сол күйінде қалып отыр.

Елбасы өзінің Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «Халық денсаулығы ол – Қазақстанның өзінің стратегиялық мақсаттарына жетудегі табысының ажырамас құрамдас бөлігі», – деп атап көрсеткен болатын. Бұл ақиқатында солай. Бүгінгі ұлттық құндылығымыздың бірі – баға жетпес адам өмірін сақтау, олардың толыққанды еңбек етіп, шығармашылықпен айналысуына, сондай-ақ, қоғамның белсенді мүшесі болуына жол ашу.

Әлемде бірнеше ардақты да құрметті мамандық бар. Соның бірі – дәрігерлік. Оларды “Ақ халатты абзал жандар”, “Адам жанының арашашысы” деп жатамыз. Қалай атасак та артықтық етпейді. Дәрігерді ұлықтау, құрметтеу – әрбіріміздің азаматтық борышымыз. Адамдардың денсаулығын сақтау, түрлі кеселдің алдын-алу, сырқаттарды мына өмірге қайта оралу – үлкен бақыт. Медицина қызметкерлерінің еңбегі қашанда абыройлы. Өйткені, олар адамзатқа бір-ақ рет берілетін өмірдің қорғаушысы. Өз ісін жетік меңгеру, іске адал болу – бар өмірін халық денсаулығына арнаған медицина қызметкерлерінің басты парызы деп білеміз.

Біздің дәрігерлер осынау ерен еңбегінің арқасында 2015-2017 жылдары арасында көптеген марапаттарға ие болды. Атап айтқанда, ШЖҚ «Қарғалы аудандық ауруханасы» МКК директоры Сағиев Сертай Сейфоллаұлы Алматы облысының әкімі Амандық Баталов мырзаның қолынан 2015 жылы «Үздік аудандық аурухана» дипломын салтанатты түрде алды. Сондай-ақ, оған Жамбыл ауданының әкімі Жандарбек Далабаев мырзаның «Құрмет грамотасы» берілді.

Сонымен қоса ұжымдағы қызметкерлердің қажырлы еңбегі де бағаланып келеді. Айталық, бас мейірбике Р.Ақшалаева Алматы облысы әкімінің Алғыс хаты мен Денсаулық сақтау басқармасының Құрмет грамотасына, жансақтау бөлімінің меңгерушісі, дәрігер-реаниматолог М.Елемес, терапия бөлімінің меңгерушісі Н.Алланазарова, перзентхана бөлімінің меңгерушісі Б.Сембинов, аймақтық

З.Қандыбаева “Нұр Отан” партиясының Құрмет грамотасына ие болды.

Медицина күніне орай «Мерекеңмен, мейірімді жан» атты салтанатты шара өтті. Онда облыс әкімінің барша медицина қызметкерлеріне арнаған құттықтау хаты оқылып, аурухананың бас дәрігері Сертай Сағиев әріптестерін төл мерекесімен құттықтады, өзінің ықыласы лебізін білдірді.

Аурухана ардагерлері мен бөлім меңгерушілері де өз құттықтауларын арнады. Мерекелік шара одан әрі көңілді концертке ұласты.

«Спорт – өмір көркі» атты тақырыпта соңғы үш жылдан бері біздің ауруханада Спартакиада өткізіліп келеді. Оның негізгі мақсаты – саламатты өмір салтын қалыптастыру. Осыған орай медицина қызметкерлерінен 3 топ құрылды. Спартакиадада дойбыдан, арқан тартудан, 60 метр қашықтықта жүгіруден жарыс өткізіледі. Мұнда бәсекелес топтар өз өнерлерін көрсетумен ғана шектелмеді, мейрамға арналған сый ретінде «Флеш моб» өткізеді. Биыл да адам жанының арашашысы, ақ халатты абзал жандардың кәсіби мерекесін бүкіл ұжым зор ұйымшылдықпен тойлады. Сайыста бас жүлдеге «Убойная сила» тобы ие болды. «Динозавр» тобы алдыңғы жылғы сайыста 3-орынды иленсе, биылғы сайыста 2-орыннан көрінді. Дойбыдан 1-орынды Қарғалы аудандық ауруханасының директоры С.Сағиев жеңіп алды. «Смайликтер» тобы 3-орынды місе тұтты.

Қарғалы ауылдық округінің әкімі Досбол Тұрысбеков аурухана ұжымын төл мерекелерімен құттықтап, бірнеше қызметкерді Алғыс хатпен марапаттады.

Әр адам өз өмір жолында ақ халатты абзал жандармен кездесіп, олардың ыстық ықыласын сезінеді. Ендеше, осынау ақ жүректі абзал жандарды төл мерекелерімен шын жүректен құттықтап, қажырлы еңбектеріне табыс тілейміз.

Ақмарал ТАЛҒАТҚЫЗЫ,
ШЖҚ «Қарғалы аудандық ауруханасы» МКК емхана меңгерушісі.

Еңбегімен еленген

«Денсаулық – зор байлық» деген тәмсілге сәйкес дәрігердің адам өміріндегі маңызы өте зор. Себебі, олар қаншама наукастың өміріне араша түсіп, жүрекке қуаныш, көңілге үміт нұрын себеді. Жамбыл ауданында осындай абыройлы жолды таңдаған дәрігерлер қатарында отыз жылдай Қазыбек бек бекеті ауылдық ауруханасының меңгерушісі болып қызмет етіп келе жатқан Жанат Мұсаеваның есімі ерекше аталады.

Ол 1955 жылы 1 қаңтарда Балқаш ауданы, Орақ-Балға ауылында туған. Мектепті ойдағыдай аяқтап, 1971 жылы Алматының медицина институтына оқуға түскен. Жоғары білімді терапевт-дәрігер атанып, алғашқы қызметін Күрті аудандық орталық ауруханасында ауыл тұрғындарына көмек көрсетуден бастайды. Өз ісіне жауапты, адал, парасатты дәрігер талантымен көпшілік көңілінен шығып, 1988 жылдан бастап қазіргі қызметіне ауысады.

Жанаттың денсаулық сақтау саласындағы өзіндік жетістіктері еленіп, бірқатар марапаттарға ие болған. Мысалы, ол «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» атанып, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің арнайы дипломын алған.

Бүгінде бір қара шаңырақтың аяулы әжесі, ардақты анасы атанған Жанат Мұсаева үш баланы мәпелеп, тәрбиелеп өсірді. Қызмет пен отбасының тізгінін бірдей ұстаған ардақты дәрігер апай бес немересіне де аналық ажарлы шуағын төгуде.

«Бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеткен» осындай аналарымызға мың алғыс! Жанат апайды алдағы медицина қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтай отырып, абыройлы ісіне әрдайым сәттілік серік болсын, отбасында бақытты әулеттің алтын қазығына айналған парасатты ісіңіздің игілігін көре беріңіз демекпіз!

Майра АЛДАБЕРГЕНОВА.

Дәрігер кеңесі

Ел аузында «БАҚ» деп аталып кеткен биологиялық активті қоспаларды соңғы кезде тұтынушылар дәстүрлі дәрі-дәрумендермен қатар ішіп жүр. БАҚ (биологиялық активті қоспалар) – қазіргі заманғы медицинаға салыстырмалы түрде айтқанда жақын уақытта енген термин.

Абай болыңыздар – БАҚ

Биологиялық активті қоспаның ең басты көрсеткіші – нәтижесінің төмендігі. Адам ауырған кезде, ем алу үшін жарнамадан көрген биологиялық активті қоспаны алып, ауруынан айығамын деп қабылдайды, нәтижесінде, аурумен күрескенде ағза өзіне керек препараттарды алмаған соң денсаулығы нашарлайды. Биологиялық активті қоспалар ауруды емдейтіндігімен қауіпті, дәрілік затқа жатпайтындығы зиянды әсерін тигізеді. Биологиялық активті қоспалар азық-түліктен тартылған нәр, сол нәрді сіз күнделікті пайдалы және дәмді жеміс-жидектерден ала аласыз. Сіз азық-түлікпен ауруыңызды емдейсіз, себебі, ол дәрілік затқа жатпайды, сол сияқты биологиялық активті қоспаның да азық-түліктен айырмашылығы жоқ.

Осындай биологиялық активті қоспаның бір түрі «Метакартин».

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті «Метакартин» тағамға биологиялық активті қоспаның құрамында L-карнитиннің мөлшерінің Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 28 мамырдағы № 299 шешімімен бекітілген Санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға жататын өнімдерге қойылатын бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптардың 5-қосымшасына сәйкес келмеуіне байланысты (тәулігіне L-карнитинді тұтынудың жоғарғы рұқсат етілген деңгейінен артуы), сондай-ақ, БАҚ-ға берілген «Қазақ тағамтану академиясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жанындағы тағамға биологиялық белсенді қоспаларды, балалар тағамын, тағамдық қоспаларды және т.б. тіркеу бойынша сараптамалық кеңестің сараптамалық қорытындысын кері қайтарып алуға байланысты, Комитетпен «Метакартин» тағамға биологиялық активті қоспаның мемлекеттік тіркеу туралы куәлігін кері қайтарып алу туралы» 2017 жылғы 11 мамырдағы № 26-ОД бұйрықтың негізінде БАҚ-тың мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі (мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі 2013 жылғы 6 қарашадағы № KZ. 16. 01. 79. 003. Е. 003111. 11. 13) кері қайтарып алынды және күші жойылды.

Биологиялық активті қоспалар – дәрі емес. Осындай қоспа ішетін тұтынушылар осыны ескерсе екен дейміз. Өз денсаулығыңыз өзіңіздің қолыңызда екенін ұмытпағаныңыз жөн.

З.К.КҮШТЕКОВА,
Жамбыл ауданы ҚДС
басқармасының басшысы м.ғ.к.
М.ЖЕКСЕНБАЙ,
тағам объектілеріне санитарлық-
гигиеналық қадағалау бөлімінің
жетекші маманы.

Жазғы лагерьдегі жарқын істер

«Жаз жайнатып, күн күлдіріп, біз лагерьге барамыз», – деп, оқу жылы аяқталысымен мектеп оқушылары жазғы лагерьлерге баруға асығады. Жайнаған жаздың қуаныш пен шаттыққа толы ұмытылмас естеліктері балалардың осындай жазғы демалыс лагерінен бастау алары сөзсіз.

Біздің метебімізде «Жерұйық» жазғы демалыс лагері үш ауысым бойынша жұмыс істейді. Лагерьге 1-10 сынып оқушылары 100% қамтылған. Жазғы лагерьдің барлық түрімен қамтылғандар саны – 181 оқушы. Демалыс және сауықтырумен негізінен бастауыш сынып оқушылары қамтылды. Бүгінде бірінші ауысымда бастауыш сыныптың 24 баласы каникулды көңілді өткізуде. Олардың ішінде көп балалы және әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасының балалары бар.

Мектеп медбикесі лагерьге келген демалушылардың денсаулығын күнделікті тексеріп, олармен сауықтыру іс-шараларын жүргізеді. Жазғы лагерьде балалардың сапалы тамақтануы да назарға алынған. Арнайы бекітілген ас мәзірі бойынша балаларға 1 мезгіл тамақ беріледі. Әр жақсы істің артында жақсы азаматтар тұрады. Бұл игі бастаманы іске

ЖИҢАЗ ӨНДІРІСІМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚ ТУРАЛЫ БІЛЕСІЗ БЕ ?

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2017 жылдың 31 қаңтарындағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауында жоғары білім беру жүйесі сапасына ерекше назар аударылатынын айтты. Осы бағытта Алматы қаласындағы «Қазақ Бас Сәулет-құрылыс академия-сында» (ҚазБСҚА) білім нәрімен сусындап, білікті маман болып шығатын сәулетшілер мен дизайнерлердің ұтымды да тапқыр ойларының туындысымен жобаланып, шебер құрылысшылар еңбегінің нәтижесінде салынатын, қоршаған орта мен стихиялық жағдайлар әсеріне төтеп беретін үйлер мен ғимараттарды ағаш конструкцияларымен, әртүрлі жиһаздармен жабдықтау жұмысын жүзеге асыратын мамандық иелері де дайындалады. Бұл мамандық мемлекеттік классификатор бойынша «Ағаш өңдеу технологиясы және ағаш бұйымдарын өндіру» деп аталады.

«Ағаш өңдеу технологиясы және ағаш бұйымдарын өндіру» мамандығы бойынша білім беру бағдарламаларының мазмұнына сәйкес теориялық білімді бекіту мақсатында оқу-тану, өндірістік, технологиялық және диплом алдындағы практикаларды қажетті маман-кадрлармен және заманауи ғылыми-техникалық әлеуеттермен қамтамасыз етілген, практикалық база болып саналатын, факультет филиалдарында – ЖШС «Ағаш», ЖШС «BMG-Engineering», ЖШС «Адонис», ЖШС «Gracio-M-Trade», ЖШС «Компания Premium», ЖШС «Рез Group», АҚ «Алматы-горстрой» т.б. ұйымдастыру және өткізу жүйелі жолға қойылған. Сонымен қатар оқу-тану практикасы Қытай мемлекетінің Гуанчжоу қаласымен шектесетін Шуньдэ және Фошань қалаларында да ұйымдастырылып, өткізілді.

Теориялық білім берумен қатар оқу-тану практикасы барысында студенттер мамандық туралы, ағаш өңдеу саласының міндеттері және мақсаттары, ағаш конструкциялары мен жиһаз өндіру цехтарында қолданылатын материалдар, жалпы құралдар мен жабдықтар, сандық бағдарламалармен басқарылатын (ЦПУ) заманауи жабдықтар туралы, технологиялық үрдістерді құру үшін бағдарламалық өнімдердің қолданылуы, шығарылатын өнімнің негізгі түрлері, ағаш өңдеу өнеркәсібінің құрылымы, негізгі цехтардың өзара байланысы туралы түсінігін қалыптастырады. Осы мақсатта Шуньдэ және Фошань қалаларындағы корпустық және жұмсақ жиһаздарды әйгілі итальяндық брэнд үшін өндіретін фабрикаларда болып, ондағы өндірістік және технологиялық процестермен танысып, қолданылатын құралдарын, материалдарын және заманауи жабдықтарын студенттер өз көздерімен көріп қайтты. Сонымен қатар Фошань қаласында

...Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет...



орналасқан, Азиядағы ең ірі және заманауи, көп функционалды көрме орталығы – Луврда ұйымдастырылған жиһаздар көрмесіндегі нео-этно, ампиризм, постмодернизм және минимализм, арт-деко, барокко және т.б. стильдердегі жиһаздар үлгісінен алған әсерлері студенттердің өз мамандығына деген сүйіспеншілігін арттырып, мамандық бағытында білім алуға деген ынтасын көтеруге ықпалын тигізгенін, олардың есеп беруі барысында аңғару қиын болмады. Сондықтан, студенттердің мамандықты меңгеруі үшін ұйымдастырылатын барлық практика түрлерінің қайсысы болсын, оның шет мемлекеттерде ұйымдастырылуы және өткізілуі, практика мақсатына жетуінде пайдалы нәтиже беретінін ҚазБСҚА әкімшілігі мен оқытушы-профессорлар қолдап отырады.

Сонымен қатар студенттерге әлемдік білім кеңістігіне кіруге, шетелде білімін жалғастыруға мүмкіндік беретін, академия түлектерінің дипломдарын дүниежүзі бойынша мойындатуға ықпал ететін инновациялық кредиттік білім беру жүйесі алғаш рет ҚазБСҚА президенті Ә.А.Құсайыновтың жетекшілігімен енгізіліп, өрісін кеңейтуде. Кредиттік білім беру жүйесі – студенттердің кәсіби дайындық деңгейін арттыруға, олардың жеке шығармашылық қабілетін жан-жақты дамытуға, алыс және жақын шетел жоғары оқу орындарына кедергісіз ауысуға мүмкіндік береді.

ҚазБСҚА-ның білім беру жүйесінде мемлекет-тік гранттармен қатар көптеген жеңілдіктер қарастырылған: «Scholarships» арнайы шәкіртақысы, бір жылдық оқу ақысын бөліп

Н.Ә.НАЗАРБАЕВ.

төлеу. «Scholarships» арнайы шәкіртақысы ақылы негізде білім алатын, бірақ әртүрлі жағдайға байланысты (отбасылық жағдайы, денсаулығы, қаржылық жағдайы және т.б.) оқу ақысын төлеуге мүмкіндігі жоқ ең дарынды ҚазБСҚА магистранттарына, студенттеріне, білім алушыларына 100%, 50%, 25% шәкіртақы тағайындалады. Ол күндізгі оқу бөлімінде білім алушыларға –

бір оқу семестріне; сырттай оқу бөлімінде білім алушыларға – бір оқу жылына беріледі.

ҚазБСҚА-да қоғамда өз орнын таба алатын, ой-өрісі кең, жоғары интеллектуалды тұлғалар дайындау мақсатында студенттер үшін «ҚазБСҚА аруы», «ҚазБСҚА көктемі» фестивальдері, «Наурыз мейрамы» және т.б. академияда қызығушылықтарына қарай клубтар (КТК командалары, би топтары, рок-ансамбльдер, халықтық және заманауи әндер орындаушылары және т.б.), лекторийлер, спорт секциялары сияқты қызықты іс-шаралар қарастырылған.

Студенттер үйі интернетке қосылған компьютерлік оқу залымен, демалыс бөлмесімен, макет жасау шеберханасымен, заманауи тұрмыстық техникалармен жабдықталған. Кір жуатын және ас әзірлейтін бөлмелермен, салауатты жаттығуға арналған фитнес залымен қамтамасыз етілген жатақханамен қамтылған және онда тұру тегін.

Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Әр адам өз мамандығының шебері болу керек» дегендей, болашақта дұрыс таңдау жасау – өз қолдарыңызда дей келе, Қазақ Бас Сәулет-құрылыс академиясы туралы және жиһаз өндірісімен байланысты техникалық мамандықтың әрқашан сұраныста болатынын естеріңізге сала кетуді жөн көрдік.

С.Т.ШАЛТАБАЕВА,
ХБК (ҚазБСҚА), Құрылыс
технологиялары, инфрақұрылым және
менеджмент факультетінің ассоциацияланған
профессоры.

Жаз қызығы таусылмайды

“Бала көңілдің гүлі, көздің нұры” демекші, Қайназар ауылындағы орта мектеп жанынан ашылған «Балдырған» демалыс-сауықтыру лагері өз жұмысын бастады. Лагерьдің ашылуы салтанатты жағдайда өтті.

Балалардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында лагерьде түрлі іс-шаралар жүргізілуде. Мұндағы әр ауысымға 104 баладан қамтылған. Демек, жаздың ең қызықты кезеңін оқушылар көңілді өткізеді. Алдағы кезде Елбасының «Мәңгілік Ел» идеясын іске асыру мақсатында да түрлі шаралар жоспарлануда.

Замира ӘЛІМОВА,
«Қайназар ауылындағы орта мектебі» КММ тәрбиешісі.



Наурызбай батыр Құтпанбетұлы атындағы орта мектеп жанынан маусым айының 5 күні ашылған «Жеткіншек» жазғы демалыс лагері үш ауысым бойынша жұмыс істейді. Бүгінде жазғы демалыс

Әр күні мәнді демалыс

орнында 25 оқушы шаттық шуағын кешуде. Олардың ішінде көп балалы және әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасы ұландары бар. Қазіргі бірінші кезеңнің бірінші ауысымында демалыс лагерінде барлығы 25 бала алаңсыз тынығуда. Жазғы лагерьде балалардың сапалы тамақтануы да назардан тыс қалмаған. Арнайы бекітілген ас мәзірі бойынша балаларға 1 мезгіл ыстық тамақ беріледі.

«Бала күлкіге тоймас» дегендей, балалардың көңілді демалуы үшін әртүрлі іс-шаралар мен спорттық ойындар өткізіп жүрген Ж.Жолдыбаева, А.Шәкеева, С.Тұрымбетова сынды үш тәрбиеші мен жаттықтырушы Қ.Тавсир өз міндеттерін ойдағыдай атқарып жүр. Балдырғандар бір мезгіл сурет салып, тақпақ жаттап, ән салады. Тәрбиешілер әр күнге белгіленген түрлі іс-шаралар ұйымдастырады. Соған сай күнде жоспар бойынша таңертеңгілік жаттығулар жасалады, оқушылар көңілді саяхаттарға да шығып тұрады. Атап айтсақ, Қаскелең қаласында орналасқан Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың мұражайына барып, ондағы жәдігерлермен жан-жақты танысып қайтты. Ұшқыр жайлауында орналасқан «Хоум клуб» сауықтыру демалыс саябағында демалды. Осылайша лагерьдің әр күні мәнді де сәнді өтуде.

Ж.ЖОЛДЫБАЕВА,
А.ЧАКЕЕВА,
Т.ҚҰДАЙБЕРГЕН,
Наурызбай батыр Құтпанбетұлы
атындағы орта мектептің тәрбиешілері.

(Жалғасы. Басы газеттің № 21 санында).

СӨЗ ТӨРКІНІН ТҒНИЫҚ



Балғабек
ҚЫДЫРБЕКҰЛЫ

21. Ақбүркеншек – ақнокта деп те аталған. Алғаш түскен келінге сәукеле сыртынан жабатын жамылғы. «Көрікті туған сұлуым, алғаным келін болған жұрт, ақбүркеншек салған жұрт» («Едіге батыр», 51-б.).

22. Ақкөбе – батырлар киер қасауыттың көп түймелі түрі. «Токсан баулы ақкөбе, тоғысқан жерде кигенмін».

23. Ақмұрт – тарысынан майын көп салып, сөкті шылаған тағам. Көбіне сөгі тірі болады.

24. Ақсирак – малдың қырылып жұтап қалуы. Мұны ақсирак немесе қара қора деп те атайды.

25. Ақсүйек – бұл да малдың жұтап қалуы, қырылған малдың сүйегінің жайрап жатуынан алынған.

26. Ақталау – талтаңдау, яғни талтандап зорға жүру, дәлірек айтсақ, ақтатқан (піштірілген) аттай жүре алмай қалу. Көбіне бұл сөз еркектерге, жасы келген шалдарға айтылады. «Ашалай шалың ақталып, шемшірлігін ноқталап, шал сақалын жылаттың» (Шалкиіз, 46-б.).

27. Ақтау – еркек малды піштіру, көбіне жылқыға айтылады. «Алты жаста ақтаттым» («Батырлар жыры», 413-б.).

28. Ақтігер – ақ үй, дұрысы ақдегер. «Ақдегері көрінбей, үйдің сәні келмейді, қызыл-жасыл киінбей, қыздың сәні келмейді» (Молдабай әнінен). Қазақ үйдің жалпы сырт көрінісі, дегерленіп, яғни дөңгеленіп ағарып көрінуі. «Арғымақ ару атлар сексенесе, ақтігердің қарсы алдында жусар ма». (Жиёмбет жырау, 52-б.).

29. Ақылдау – ақылға салу, ойлап барып іс қылу, «Жігіттер дау алмайды ақылдассаң, білгішке көп білетін жакындасаң» (Шал ақын, 136-б.).

30. Ал – қызыл, ашықтау қызыл. «Сондықтан одан туған Шапырашты, Ысты, Ошақты үшеуінің тұқымын Алүйсін, яғни Қызыл үйсін атандырған» (Қазыбек бек Тауасарұлы, «Түп-тұқияннан өзіме шейін», 49-б.).

31. Алабілек – садақ оғының бір түрі. Сайгез, бұлың, сұржебе, жезайыр, қалжуыр т.б. бәрі де садаққа салынар жебе түрлері. «Алабілек оқ салған, қой дегенде бір шапқан», (Шалкиіз жырау, 55-б.).

32. Алакүдек – алаңғасарлау, еш нәрсені елең қылмайтын ақкөңілділікке жакындау, бірақ істің барысын байыптай қоймайтындығы да бар адамға айтылады. Бірақ нағыз алаңғасардан алысырақ. «Батыр аңғал, ер көдек» дегендегі «көдек» те сол елеңсіздеу батыр, бірақ қалай да келеңсіз емес. «Не келсе аузына соны сөйлеп, ақкөңіл алакүдек жан-ау деймін» (Айтыс, 93-б.).

33. Алап – адал.

34. Алап – барыстың күшігі. «Аланын алдырған таутандай ашулы» деген тіркес бар. Таутан барыстың (осылай аталатын балық та бар) ұрғашысы. Аланы өлген, әлде жоғалған таутан емшегі сыздағанда қандай төл, нәресте болса да ұрлап емізуге бар екен, көбінесе адам баласын алады деседі. «Алма апаннан аланды, таутан алар балаңды» деген осыдан қалған. «Аланын алғызған таутанның Алатау өңірінде бала ұрлап әкетіп емізген кезі кейін де болған. Қазір де бар. (Қазыбек бек Тауасарұлы, «Түп-тұқияннан өзіме шейін 63-б.).

35. Аламан бәйге – көкпар тарту ойынындағы жұлкыс. Дода деп те аталады.

Кейбіреулер осы кезде ұлы бәйгені (сары табан ат бәйгесін де) аламан бәйге деп жүр. Ол білместіктен туған сөз. «Аламанға түсер шабандоз, алып кетер шаңқан боз» (халық мәтелі). Шаңқан боз бәйгеге түссе де, шабандоз бәйгеге шаппайды. Бәйгеге бала шабады.

36. Алапа – күш, даңқ, атақ... Кейде алапа деп те айтады.

«Қара Керей Қабанбай

Қалмақты қырды-тасырды.

Бөгембай Бөке атанды

Дұшпаны келіп бас ұрды.

Ала ат мінген Наурызбай

Алапасын асырды» (Бұқар жырау).

37. Алапес – Оның тері ауруы екенін жұрт біледі. Бірақ халық арасында жұртты алалайтын, әділеттен тайған адамды да алапес дейді: (Ой, Алапес, сен жұртты өйтіп алалама, – деді Шарымхан Күлкешке» («Лениншіл жас», 1947 ж.).

38. Алғау – кермек, ашылау, тұзды, сорлы. Көбіне суға айтылады. Алғаусу немесе суы алғау, адам ішуге жарамсыз су. «Суы алғау сортаң жердің кемешіндей, кейбіреу таппай қорек тарлығып жүр». (Базар жырау, 59-б.).

39. Алғал – арам, жалған. Алал сөзіне кереғар мағынада. «Алғал сөйлеп былғама, алал туған ағаны» (мәтел). «Алғалсыз болсын бідеу деп, қулықтың сүтін еміздім» («Қобыланды батыр», 130-б.).

40. Алғыншы – әйел, некелі әйел. Бұрынғылар әйелдерді әр түрлі атай берген: алғыншы, қар, қатын, төмен етек, ақжаулық т.б. Бұл сөз бұрынғы ақындардың көбінен-ақ кездесе береді. «Алғыншы алсаң ару ал, артында жылап қалса кім алмас» (Абыл ақын, 193-б.). «Алғыншы алған аруың ақша бетін салдырмай...» (Махамбет, 238-б.).

41. Алғыншы – шолушы, әсіресе соғыс жағдайындағы алдыңғы жау бетін білуші. «Алғыншы болып барған Сатай мен Таңсық түйеге сексеуіл артып жатқан бір қазакты ұстап алып сөйлескен». (Қазыбек бек Тауасарұлы, «Түп-тұқияннан өзіме шейін», 317-б.).

42. Алендік – от, қызыл от. Ауыз әдебиетінде өте жиі кездеседі. «Арыстаған Жетісу, алендік жаққан жеріміз» (халық өлеңі) «Ақбүркеншік салған жұрт, алендігін жаққан жұрт» («Батырлар жыры», 1939 ж., 51-б.).

43. Алқа – сөздікте мұның үш мағынасын берген. Бірақ алқаның омырау мағынасы айтылмаған. Мысалы, «Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама», яғни алқатомырақ көл болды, жылады, сұлады – өлді.

44. Алқаракес – Кес, дұрысы кіс, бұлғын тәріздес, бірақ жерді мекендейтін жәндік. Түсі қызылқара болады. Бұл Бұқар жырауда да бар, бірақ онда қаракес емес, қаракіс деп дұрыс алынған. Ал «Едіге батыр» жырында ол былай берілген: «Сен туғанда Нұралым, қаракеске бөлеттім, алқаракес батады деп, балакеске бөлеттім». Яғни, жас кістің ұлпанына бөлеткен «Нақыра күміс шаптырып, туырлығы қаракіс». Демек, туырлығында ұлпан пайдаландық делінген. («Ана тілі» 1990 ж.). «Түйме бауы тартпалы, алқаракес тон берді» («Батырлар жыры», 28-б.).

45. Алқату – еркелету, ардақтау, қолпаш тау. Соңғы кезде сөздік қордан шығып барады. «Алқатсаң алқат қызынды, ақтар ол дәм-тұзынды» (мәтел). «Сүйгеніңді жоғалтпас, Абылайымсың алқатқан» (Бұқар жырау), яғни еркелеткен Абылайымсың деп тұр.

(Жалғасы бар.)

Қоңырау соғылған шақта үшінші сыныптың оқушылары өз орындарында қаз-қатар тізіліп отырған. Оның да себебі бар. Бүгінгі сабақты мектепке жаңадан келген оқытушы жүргізетін көрінеді. Бұл жаңалыққа өзгеріске жаны құмар балалардың қуанбағаны кемде-кем еді. Әсіресе, елден ерек қуанғандардың бірі – Ермек. Өткен оқу жылында сабақ берген Гүлжан апайлары үлгерімі нашар болғандықтан, екі күннің бірінде Ермектің мамасын мектепке шақырып, әбден зықысын шығарған. Бірнеше рет Ермекті сабақ соңынан алып қалып оқытқаны тағы бар. Басқа балалар үйлеріне қайтқанда, ішегің шұрылдап, партада қақайып отырғаннан өткен қандай қорлық бар мына дүниеде?!

Ермек мұғалима апайдың өзінің соңынан «шырақ алып» түскенін ұнатпайтын.

– Соншама өшігетіндей қаршадай бала не істеп қойыпты, – деп кәрі әжесінің де мамасына айтып жатқанын естіп қалған. Әрине, өшіккені ғой! Әйтпесе, тамам бала аулада доп қуып жүргенде, әжесі айтпақшы, көз майын тауысқызып, өзі жүдеу баланы қағазға тесілдіріп қоятындай не жазыпты, сонша?! Ал мамасының мұғалима апайды қостай кететіні қызық. Өз баласына жаны ашымайтын адамдар да көп қой, шіркін, бұл дүниеде.

НӨЛ!



* Әзіл-шыны аралас

Ермек өз ойымен отырып, оқытушының сынып бөлмесіне қай уақытта кіріп келгенін байқамай да қалды. Орта бойлы, елгезек, шикіл сары жігіт қолтығына қысқан сынып журналымен бірге сыртының бүршіктері әдемі оюланған «указка» таяқшасын да ұстай кіріпті. Орнынан жапырлай атып тұрған оқушылармен амандасқан да жоқ, сынып журналын қолына алып, аударып, төңкеріп қарап алды да, асықпай аша бастаған күйі, «отыра беріндер» дегендей қолын бір-ақ сілтеді.

Мұғалімнен көз алмай, әр қимылын бағып отырған Ермекті тәмпіш мұрын көршісі аяғымен түртті. Бірдеңе айтайын дегені. Бұл басын еңкейтіп, төмен бұққан.

– Мына кісіні жайлаудан білемін, – деп сыбырлады анау. – Менің атама өткен жылы ала жаздай қой бағысқан. Соңғы сөзді мақтанышпен айтты.

Ермек «рас айтасың ба?» дегендей тандана қарап еді, Сәулебек өзінің жаңалығының қаншалықты әсер еткеніне көңілі толғандай, сыбырай сөйлеп, ағайдың көтерменен тұра алмай жатқан қойды тобылғы сапты қамшысымен тартып жібергенін, саулықтың қорыққанынан «сауығып» кетіп, маңырай жүгіріп, қалай отарға барып қосылғанына дейін жыр етіп айтып берді. Мына қолындағы таяқша сол қамшының сабы, – деп сендірді көршісі. – Оюларынан танып отырмын.

Мұғалімнің бұлар жаққа ұнатпай көз тастағанын байқап, балалар түзелісіп отырды.

– Қане, кезекші кім? – деді біраз уақыттан соң, журналға әлденелерді жазып болған оқытушы еңсесін көтеріп, айналасына тіктеле көз тастап. Басын бір сілкіп, маңдайына түскен ұзын шашын төбесіне қарай ырғытып жіберді. «Мен» деп орнынан ұшып тұрған оқушыны «отыр» деп қайта отырғызып қойды.

– Ал балалар, бүгін үшінші сыныптың алғашқы сабағын өтеміз. Алдымен танысып қоялық. Мен жаңа оқытушыларың боламын. Фамилиям – Көжелеков, атым – Сәтбек. Значит, Сәтбек Көжелекович деп атауларың керек. Енді сендермен танысайық.

Мұғалім ағайдың аздап кекештеніп сөйлегенінен болар, орысша сөйлегендегі аты-жөні Ермекке Сатпақ Кожалакович болып естілді. Баланы қарадан қарап отырып күлкі қысты. Қазақша таныстыра берсе қайтеді екен өзін. «Сатпақ» дегені тақиясына тар келетіндей, «қожалағын» қоса қыстырғаны несі? Жарылардай болып отырғанында, арт жақтан біреудің дыбысы шығып, Сатпақ Кожалакович деуі мұң екен, әлдекімнің бұлығы шик ете түскен күлкісі отқа май құйғандай лап ете түссін. Аузын басамын дегені бос әурешілік екен. Әрі-беріден соң ішін басып, парта бетіне етпетінен жата қалып кикылдады. Әншейінде осынша күлмес еді. Күлуге болмайтынын білгендіктен, қысыламын деп күлкісін өршітіп алды.

– Тұр орныңнан!

Дәл қасынан шыққан зәрлі үн Ермектің

есін жидырды. Күлкісі де әп-сәтте сап болды. Жаңа оқытушы үстінен төніп тұр екен. Жүзі өрт сөндіргендей түтігіп кетіпті. Тегі, мұның күлкісі жанды жеріне тиген секілді. Ашуланғанда көзі қызарып, түсі қатты бұзылып кетеді екен өзінің. Қолындағы таяқшасын қыса ұстап, бұл аузын ашып, «ә» десе басынан салып жіберердей болып тұр.

– Жыныңды көрдің бе-ей? Жауап бер?!

Неғылған күлкі бұл?!

– Мен... мен әдейі күлгенім жоқ қой, – деді тұтғышы. Көзінен жас ыршып кетті.

Ермек мұғалімнің қандай тақырып өткенін естіген жоқ. Сабақ бойы ұнжырғасы түсіп, бұйығы отырды. Мұғалімнің ашуы тез қайтатын болуы керек. Түк болмағандай сабақ өткізіп тұр.

Мана әр оқушыны орнынан тұрғызып, аты-жөнін сұраған. Кезек Ермекке келгенде қабағын шытып: – Бөртебаевпын деймісің? – деп қайталай сұрады да сосын:– Сен балақай әлі талай кикылдайсың! – деді.

Ермек зілмен айтылған осы сөзді қамыға ойлап отыр. Соңыма түсетін болды ғой менің. Қап, Гүлжан апай қандай жақсы еді, мынаның қасында. Ұрмақ түгіл, дауысын көтеріп ұрысып көрген жоқ еді. Мына қалыппен мектепке келу де мен үшін енді тозаққа айналатын шығар.

Баланың ойын мұғалімнің сөзі бөлді.

– Қане, енді екінші сыныпта өткенімізді еске түсіріп көрейік. Кім айтар екен? Сегізді тоғызға көбейтсек қанша болады екен осы?

Ермектен басқа балалар түгел дерлік қолдарын көтерді.

– Ал, Бөртебайдың баласы сен айта қойшы, ең «оқымыстымыз» сен шығарсың? – деп мұғалім басын тұқыртып отырған Ермекті кекете сөйледі.

Нағыз қадалған жерінен қан алатын пәленің өзі ғой мынау. Бала сүйретіліп орнынан эзер тұрды. Сосын ойланғанып, төбе жақты бір шолып өтті де, әкесінше шаруақор пішінмен:

– Жетпіс шақты болып қалуы керек, – деп міңгірледі. Балалар ду күлді. Мұғалім ағай күлген жоқ. Сұрланған қалпы:

– Отыр! – деді зілді үнмен. Нөл! Нөл деген бағаны естіп пе едің? Вот, сол нөл!

Қаламын қойын қалтасынан баппен суырып, мойынын бұрап алды да, журнал бетіне дөңгелектеп «нөл» таңбасын салды. Сосын айызы қанғандай, – Нөл алғанша, өл! – деп қосып айтты.

Орнына созылып барып әрең отырған бала мұғалім ағайдың неге соншама мазәк еткенін түсінбеді. Мейлі, өзге балалардай қабілеті болмасын, тіпті жалқау-ақ болсын. Солай болса да адамды осыншама қорлауға бола ма екен?! Көзіне толған жасты ешкімге көрсеткісі келмей, парта бетіне бұқты.

Бұлдыраған жанарымен алара қарап, бәтәңкесінің тұмсығымен партаның тепкішегін шұқылап отыр еді, балалар әлденеге тыныштала қалды. Бұл үнсіздіктің тағы да өзіне қатысты екенінен сезіктенген бала басын көтере беріп еді, арт жағынан тарс еткен қатты дыбыс естіліп, «Oh!» деген біреудің үні қосарлана шықты. Не болғанын түсінбеген бала оқытушыға бұрыла қарап еді, ағайы бұған тесірейсе көз тігіп тұр екен. Ермектің арт жағында үнемі парта бетін шимайлап отыратын Шәкен дейтін ұзын қара бала ісіп шыға келген шекесін ұстап, қып-қызыл болып кетіпті. Ермек енді ұқты. Мұғалім ағай бұған қолындағы борын құлаштай сілтесе керек. Бор бұдан асып барып, арт жақтағы Шәкеннің шекесіне дөп тиіпті.

– Алып кел, борды! – деп ақырып қалды жаңа оқытушы. – Бол!

Екі бала орнынан бірдей көтерілді. Шәкен де оқытушы ағайдың зәрлі бұйрығы өзіне арналған деп ойласа керек, мұғалім: «Бөртебайдың баласы, саған айттам! – дегенде ғана нақақтан кеткенін сезіп, шодырайған шекесін қолымен басып, еңіреп жіберді. Содан сабақ аяқталғанша өксігін баса алсашы...

Ермек мектептен жұрттың соңынан шықты. Күн түстен ауыпты. Оқушылар сабақ біткеніне алақайлап, дуылдасып барады. Неткен бақытты адамдар, десенші! Ертең тағы да мектепке келу керектігін ойлағанда Ермектің ұнжырғасы онан әрі түсіп кетті. Алға басқан аяқтары біреу зіл батпан салмақ іліп қойғандай кері тартады. Артынан тұяқтың дүбірі естіліп, әлдеқайдан жылқышы шауып өтті. Алдындағы ойнақтай қашқан құлынды сойылдың астына алып қуып барады. Ермектің құлынағы жаны ашып, соңынан ұзақ қарап қалды. Ағайды да жайлаудан көрдім деп еді-ау, Сәулебек. Қамшысының сабын да өзімен ала келген. Мүмкін, бізді де мал деп қалды ма? Мына жылқышыны мұғалім етсе, қолындағы сойылын мектепке сүйретіп ала баратын шығар. Төніп тұрған сойылды көз алдына елестеткен баланың арқасы мұздап кетті.

Шәріпбек УАҒЫЗҰЛЫ.

Құттықтаймыз!..

«Алматы облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ-нің «Алматы аймақтық туберкулезге қарсы диспансері» КМҚ кәсіпорнының Қарақыстақ ауылындағы филиалының директоры



Рысмағамбетов Акбар Избасарұлы зейнет жасына келген 63-ші белесімен шын жүректен құттықтаймыз. Денсаулық сақтау саласында ұзақ жыл жемісті қызмет атқарып, сый-құрмет марапатқа бөленген ардақты азаматқа отбасында амандық, деніне саулық, қызметіне табыс тілейміз.

Дәрігерсіз адам жанын емдеген, Ақталды үміт маңдайдағы терменен. Жаны жомарт, көңілі кең даладай, Сіздей дәрігер мәртебелі елменен. Жанға шипа сөзіңіз бен еміңіз, Немереден шөбере, шөпшек көріңіз. Жан жарыңыз Баянменен жарасып, Жетпіс, сексен, тоқсан, жүзге келіңіз!— деп құттықтаушылар: **аурухана ұжымы.**



Үмбетәлі ауылының тумасы, ақ жарқын да адал мінезді, жомарт жүректі азамат, он жыл бірге оқыған сыныптасымыз **НҮРБЕКОВ Асқар Құдайбергенұлы**

маусымның 22-де асқаралы 60 жасқа толады. Жан досымызды мерей қуанышымен шын жүректен құттықтап, төмендегі жыр шумақтарды арнаймыз.
Ақ пейілді Асқарым, Ашық болсын аспаның. Таусылмасын өмірде, Айтылатын дастаның. Құтты болсын бүгінгі – Алты асудан асқаның. Ақ пейілмен арнайды, Ақ тілегін достарың. Жамбылдайын жүз жасап, Тағы тойлап тастағын, — деп тілек білдірушілер: **бір топ сыныптас достары.**

МОНЕТА ЛОМБАРД

Нас рекомендуют друзьям! 1 гр. Золото до 8000 тг. Штрафные проценты отсутствуют. Срок залога не ограничен. Частично погашение. Бесплатная оценка и консультация. Караш батыра 117 Д, напротив Прокуратуры. Тел: 87752495665

ҮЙ САТЫЛАДЫ

Үмбетәлі ауылының орталық көшесінде орналасқан 6 бөлмелі үй жедел түрде сатылады. Жер көлемі – 20 сотық. Үйде ыстық, суық су, санузел, ванна бар. Газ бен орталық су жүйесіне қосылған. Жаздық бөлме, қора жайы, 2 монша, 2 гараж, 2 жертөлесі бар. Үй орта мектептің, балабақшаның, дәрігерлік амбулаторияның қасына орналасқан. Бағасы келісімді.
Тел: 87051899183.
* * *

Үмбетәлі ауылында үй сатылады. Суы, жарығы, қора-жайы, бастырмасы (навес) бар. Газ құбырына жақын орналасқан. Жер көлемі – 17 сотық. Тел: 8777 960 34 99, 8747 416 50 65.

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Жуырда облыс аумағында отбасы-тұрмыстық салада және мас күйінде жасалатын қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, сондай-ақ, құқық бұзушыларға қорғау нұсқамасын шығару, олардың мінез-құлықтарына ерекше талаптар орнату және маскүнемдерді мәжбүр түрде арнайы емдеу мекемесіне жіберу жұмыстарын жандандыру мақсатында «Тұрмыс» жедел-профилактикалық іс-шарасы өтті.

«Тұрмыс» әйел-профилактикалық іс-шарасы кезінде, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа бейім адамдарға Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 73 бабы бойынша шара қолданылады. Яғни;

1. Құқық бұзушымен отбасы-тұрмыстық қатынастардағы адамдарға сыйламаушылық көрсетіліп, былапыт сөйлеу, қорлап тиісу, кемсіту, үй тұрмысындағы заттарды бүлдіру және олардың тыныштығын бұзатын, жеке тұрғынжайда жасалған басқа да әрекеттер, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса;

– Ескерту жасауға не 3 тәулікке дейінгі

мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер;

– 10 тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

3. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, осы Кодекстің 50-бабының екінші бөлігіне сәйкес әкімшілік қамаққа алу қолданылмайтын адамдар жасаған әрекеттер;

– 5-айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескертпе. Осы Кодекстің мақсаты үшін отбасы-тұрмыстық қатынастар деп – ерлі-зайыптылар, бұрынғы ерлі-зайыптылар, бірге тұратын немесе бірге тұрған адамдар, жақын туыстар, ортақ балалары бар адамдар арасындағы қатынастар деп түсіндіріледі.

Б.ОСПАНОВА,
Жамбыл АПБ-нің ЖПК-ң
ӘЗЗҚБ-нің инспекторы,
полиция капитаны.

МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ – МАҢЫЗДЫ

Мектеп бітіріп, үлкен өмір жолына аттанар алдында әрбір түлек өзінің болашақ мамандығын таңдай бастайды. Шынында да, ол оңай емес. Өйткені, әркімнің таңдаған мамандығы болашақ өмірімен тығыз байланысты болады. Сол себепті, түлектер жақсы маман иесі болу үшін біршама мамандықтарды қарастырады. Көбісі, техникалық жағынан жақсы болғысы келеді, кейбірі мұғалім, енді бірі көркемөнер, театр саласын танып білуді қалайды. Әрине, айта берсек өте көп. Қазір мектеп бітірген түлектерге, дамыған мемлекеттер қатарындағы Қазақстан Республикасының небір оқу орындары болашақ мамандарға өзінің кең көлемді салаларын оқытып-үйрету үшін айқара құшақ ашады.

Мен де сондай таңдаудан өттім. Ақыры, дінтану мамандығын игеруді шештім. Әрине, бұл сөзді естігенде, одан хабары жоқ түлектің ойына мешітте имам болып, уағыз айтатын адам елестейді. Бірақ, ол мүлде олай емес. Дінтану – зайырлы, яғни басқа әлемге танымал, болашағы зор мамандықтардың бірі.

Біздің қоғам өмірінде діннің алатын орны ерекше. Демек, бұл мамандыққа деген сұраныс та әрдайым жоғары. Әсіресе, қазір дүниежүзіндегі діни жағдайдың күрделілігі осы саланың білікті мамандарын аса қажет етеді. Оларға әр уақытта қоғамнан лайықты орын табылатыны сөзсіз. Дінтану мамандығын алатын азамат әлемдегі талаптарға сай Дін істері бөлімі агенттігінде, сараптамалық жұмыс жүргізетін орталықтарда, деструктивті діни ағымдардан зардап шегіп, кеңес қажет етіп отырған адамдарға көмек көрсету сынды т.б. орталықтарда қызмет атқара алады. Осы себептен де, мен болашағы зор дінтану мамандығын өмірлік мамандығым деп білемін.

Динара ДҮЙСЕНБІ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Философия және саясаттану факультеті
дінтану мамандығының 2 курс студенті.

ЖОҒАЛҒАН ҚҰЖАТ ЖАРАМСЫЗ...

Турдыбаев Алмас Кузембаевичтың атындағы Ұзынағаш ауылы, Саурық батыр көшесі №23 «б» кадастрлық нөмірі 03-045-105-1029, № 295473 (0,0800 га) 2012 жылдың 16 қазанындағы мұрагерлікке заңды құқық беретін реестрде тіркелген № 4522 куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.



Динамично развивающейся
«Микрофинансовой организации «Азиатский Кредитный Фонд»
требуется: аналитик по развитию бизнеса.
(Кредитный специалист)
Основные обязанности:

- Выполнение плана продаж;
- Обслуживания клиентов, в соответствии со стандартами компании;
- Продвижение целей компании по развитию бизнеса и сельских домохозяйств.

- Требования к кандидату:
- Высшее/средне-специальное образование;
- Опыт работы, желательно;
- Навыки работы с людьми;
- Знание компьютера.
- Описание:
- Интересная работа;
- Профессиональное развитие;
- Возможность карьерного роста;
- Достойное вознаграждение;
- Место работы с.Узынағаш, Жамбылский район.

Резюме принимаются по адресу: с. Узынағаш, ул. Төле-би, д. 52.
Торговый центр «Сулатор» 2-этаж 11-офис, тел 8 (727) 702 08 70. г. Алматы, ул.Төле би 189 Д, офис 102 Телефон/факс: 8 (727) 250 61 90. E-mail: hr@acfund.kz www.asiancreditfund.com



ТОО МФО «Азиатский Кредитный Фонд»
срочно требуется Кассир

Требования:

- Опыт работы в должности кассира не менее 1-го года (желательно)
- Знание 1С бухгалтерии (желательно)
- Знание кассовой дисциплины
- Отличное знание ПК
- Умение работать в команде
- Честность, аккуратность, инициативность и трудолюбие

Резюме принимаются по адресу:
с.Узынағаш, ул. Төле-би, д. 52. Торговый центр «Сулатор» 2-этаж 11-офис, тел 8 (727) 702 08 70, г. Алматы, ул.Төле би 189 Д, офис 102, Телефон/факс: 8 (727) 250 61 90 E-mail: hr@acfund.kz www.asiancreditfund.com

ЕСКЕ АЛУ

Үмбетәлі ауылының тұрғыны, балалық шақтың бал дәурен күндерін бірге өткізіп, ержетіп, ес біліп, немере-шөберелі болғанша жұбымыз ажырамай жүрген сыныптас досымыз **БАЙКЕЕВ Бейсен Әбжатұлы**



арамызда тірі жүрсе, биыл маусымның 20-да жасы 60-қа толар еді. Әттең, ақ жарқын азамат арамыздан тым ерте кетті.

Жібектей жұмсақ жүрегін, Жайсаң жігіттің бірі едің. Достарға адал еді ғой, Бейсен-ау, сенің тілеуін. Үзіліпті әттен, бар үміт, Біз жүрміз сені сағынып. Жанатта болсын ортаң, Алдыңнан шырақ жағылып. Жұмақтан болып ақ үйің, Торқадан болсын тар үйің. Еске алу жырды арнадық, Өзіне бүгін бауырым, — деп еске алушылар: **10 жыл бірге оқыған сыныптас достары.**



Жамбыл ауылының тумасы, Үңгіртас ауылының тұрғыны, асқар таудай ақылшы әкеміз **СӘТІМБАЕВ Хамит Сәтімбайұлы** 2002 жылдың 15 маусымында қайтыс болған еді. Содан бері он бес жыл жылжып өте

шығыпты. Ақылына арқа сүйеген ардақты әкеміздің қасымызда жоқтығы қабырғамызға батуда. Әкемізге деген сағыныш басылар емес. Жүрекке жылылық берген өсиетті сөзін, жанымызға жалау болған өзін ұмытпай қимастық сезіммен еске алып жүрміз.

Біз үшін қымбат әркез әке деген, Ұл-қызын аялап бір мәпелеген. Қамқор көңіл өмірде жаны жомарт, Әкеге қандай адам жетеді екен?! Он бес жыл сіз кеткелі арамыздан, Өшпейсіз сонда да сіз санамыздан. Сағынып сізді еске алып отырмыз біз, Дауысыңызды ести алмай даламыздан. Содан бері сізден біз алыстамыз, Жер бесікке арулап табыстадық. Пейіштің саялаңыз гүлзар бағын, Қол жайып сізге құран бағыштадық, — деп еске алушылар: **қыздары-күйеубалалары, немерелері.**

Жамбыл ауданы әкімінің және аудандық мәслихаттың аппараты, аудандық ардагерлер ұйымы Жамбыл ауданының бұрынғы әкімі, Алматы облыстық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы «Қорғау-Защита» қауымдастығының төрағасы, Алматы облысының және Жамбыл ауданының құрметті азаматы Токқожа Естенұлына ғасырға жуық ғұмыр кешкен аяулы абыз анасы

Әуейхан ЖҮНІСҚЫЗЫНЫҢ қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Жамбыл аудандық “Атамекен” газеті редакциясының ұжымы Жамбыл ауданының бұрынғы әкімі, Алматы облыстық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы «Қорғау-Защита» қауымдастығының төрағасы, Алматы облысының және Жамбыл ауданының құрметті азаматы Токқожа Естенұлына ғасырға жуық ғұмыр кешкен аяулы абыз анасы

Әуейхан ЖҮНІСҚЫЗЫНЫҢ қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

• Құрылтайшы:
– Жамбыл ауданының әкімдігі

Меншік иесі: “Жамбыл Атамекен” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Директор-бас редактор
Рәтбек ТЕРЛІКБАЕВ

• Газет – 2015 жылғы қарашаның 16-да Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі, байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттікті есепке қою туралы № 15705-Г Куәлігі берілген.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: 040600, Ұзынағаш ауылы, Мақатаев көшесі, 164 «А» үй. Телефондар: бас редактор – 2-44-28, бас редактордың орынбасары – 2-44-29, жалпы бөлім – 2-44-25, есепші – 2-44-27, факс-8 (72770) 2-44-28

Электрондық поштасы: Atameken1932@mail.ru
• Таралымы – 5300 дана. Тапсырыс – 24
• Индексі – 62264. Көлемі – 2 баспа табақ.
• Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады.
• Суреттердің сапасына редакция жауапты.

• Жарнама, хабарландыру берушілер оның мазмұны мен мәтіні үшін өздері жауапты.
• Автордың пікірі – редакцияның түпкілікті көзқарасы емес.
• Газет редакцияда компьютермен теріліп, «Алматы – Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында офсеттік тәсілмен басылады.

Тел: 378-42-00, факс:378-36-76.
Алматы қаласы, Сәбит Мұқанов көшесі, 223 «Б».